ШОЛУ

# 2020 ЖЫЛ ЖЕТІСТІКСІЗ ЕМЕС

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Ауаны ылғалдандырып, тазартып тұратын арнайы желдету сүзгілері орнатылған. Сонымен бірге, жаңа инфекциялық орталықта науқастарды жеткізген жедел жәрдем көлігін залалсыздандыру орны, вакуум мен газ қоймасы, қазандық, мәйітхана мен медициналық қалдықтарды зарарсыздандыратын қосалқы ғимарат бар.

2020 жылдың қарашасында іске қосылған модульді орталықта күні бүгінге дейін 206 науқас емделіп шыққан. Орталық ұжымында 103 қызметкер еңбек етеді.

Бүгінгі таңда 160 адамды жұмыспен қамтып отырған «ULY DALA» гипермаркетінің басшылығы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында минимаркеттер ашуды қолға алған-ды. Жезқаладағы алғашқы минимаркет Тұңғыш Президент күні қарсаңында іске қосылды. 1 желтоқсанда Абай және Пушкин көшелерінде «ULY DALA» минимаркеттерінің үш желісі қолданысқа берілсе, Тәуелсіздік күні қарсаңында Алашахан даңғылы, 7, Анарқұлов көшесі, 9, Әуезов көшесі, 56 және Мир даңғылы, 45/47, Гагарин көшесі, 36 мекенжайларында тағы 5 минимаркет желісі тұрғындарға есігін айқара ашты.




2021 жылы медициналық орталық маңы мен Жеңіс көшесі, 11 мекенжайында тағы екі минимаркет ашуды жоспарлап отырған кәсіпкер 114 тұрғынды жұмыспен қамтымақ.

Үлкен кинотеатрдың ашылуын тілеген жезқазғандықтардың арманын жергілікті кәсіпкер Алмас Рахымбек ақиқатқа айналдырды. Ол 18 қарашада «Golden Family» отбасылық орталығы жанынан «Kinoplexx» кинотеатрын ашты. Кино тамашалауға келгендер үшін еуропа мен шығыс елдерінің асмәзірін ұсынатын отбасылық ресторан жұмыс жасап тұр. Бүгінде 5 мыңдай тұрғынға қызмет көрсетіп үлгерген кәсіпкер 30 қала тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Пандемия біткен кезде Алмас Рахымбек тағы 2 кинозал, боулинг пен бильярд залдарын, фитнес пен жазғы кафе ашуды жоспарлап отыр. Сонымен бірге, «Golden Family» отбасылық орталығы «Ойна» ойын-сауық орталығы басшылығы келіссөздер жүргізіп, 2021 жылы үлкен жобаны бірге жүзеге асыруды ойластыруда.

2020 жылы басталған ауқымды жобалардың көшін Жошы хан тарихи-мәдени кешені мен Теректі стансасында құрылысы басталған 80 орындық мектеп бастап тұр. Жезқазғанның туристік әлеуетін арттыруға, апатты жағдайдағы білім ошақтарын жоюға бағытталған осы екі жоба «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде қолға алынып, келер 2021 жылы аяқталады деп күтілуде.

Жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, өңірлердің инфрақұрылымын дамытып, жаңа әлеуметтік маңызы бар нысандардың салынуын көздейтін осы мемлекеттік бағдарлама бойынша Жезқазған қаласында 40 жоба қолға алынып, бүгінде оның 36-сы толығымен аяқталған. Мемлекеттік бағдарлама аясында білім беру, мәдениет және әлеуметтік нысандарды салу мен жөндеу бағытында 11 жоба жоспарланды. Сонымен бірге, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің тапсырысымен жүзеге асқан 29 жоба қаланы жарықтандыру мен абаттандыруға, инженерлік желілер мен жолдарды жөндеуге, балалар ойын алаңын орнатуға бағытталды.

2020 жылды қорытындылайтын болсақ, Тышқан жылы коронавирус індетімен әуреге салғанын есепке алмағанда жаман болмады. Әр салада өркендеу мен ілгерілеу бар. Ендеше, келер жылға мол үміт артып, 2020-ға қош бол дейміз!

**Диана ОРАЗАЛИНА**









САЙЛАУ – 2021

## БАҒА БАҚЫЛАУДА БОЛҒАНЫН ҚАЛАЙДЫ

***ADAL партиясы өкілдерінің халықпен кездесулері жалғасып жатыр. Жиын барысында тұрғындар түйткілді мәселелерді талқылап, күнделікті өмірде кездесетін қиындықтарымен бөліседі.***




Кеше кандидат Ләззат Шыңғысбаева Алматы облысының халқымен кездесті. Ол Балқаш ауданына Бақанас ауылының тұрғындарымен жүздесіп, олардың пікірін тыңдады.

Ләззат Шыңғысбаева партияның басымдықтары туралы айта отырып, халықтың қажеттілігіне басымдық берілетінін ерекше атап өтті. Ал ауыл тұрғындары өздерін толғандырған тақырыптарды қозғады.

Осылайша, ауыл тұрғындары ипотека бойынша сатып алынған тұрғын үй үшін артық төлем сомасы тым көп екеніне наразылық білдірді. Олардың айтуынша, қазіргі сома тым көп. Яғни ипотека алғандар пәтер үшін екі есе артық төлем жасайды. Ауыл халқы пайыздық үстемақы негізгі қарыздан асып кететініне наразы.

Тұрғындардың пікірінше, тым артық төлем тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламалары аясында да қарастырылған. Есімін жарияламауды сұраған көп балалы ана азық-түлік бағасының тұрақты өсуіне шағымданады.

«Тауарлардың негізгі түрлерінің бағасын ұстап тұру үшін мемлекеттік орган мен заңды негіз жоқ па еді? Бағалар шексіз өсе береді, ал табысымыз өзгермей, бұрынғыдай қала береді», дейді ол.

Ауылдың тағы бір тұрғыны бюджет қаржысының қаншалықты тиімді жұмсалатынына алаңдаушылық білдірді.

«Мен жыл сайын абаттандыруға, жаңа нысандарға мол қаражат бөлінетінін білемін. Бірақ жұмыс сапасына күмән бар. Міне, қазір біздің ауылда балабақша салынып жатыр. Оған 250 миллион теңге бөлінді. Ал бұл ақша қалай жұмсалады? Бұл сұраққа кім жауап береді? Жалпы, ақшаның қалай жұмсалатынына халықтық қатаң бақылау қажет», дейді ол.

Атырау облысындағы қолайсыз эпидемиялық жағдайға байланысты Мәжіліс депутаттығына үміткер Мақсат Толықбай мен Дәулет Мұқаев онлайн-режимде халықпен кездесу өткізді. Олар елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға жүргізілген талдау негізінде партияның міндеттері туралы айтып берді. Тікелей эфир барысында көрермендер өздерін мазалаған сұрақтарды спикерлерге қойып отырды.

Мәселен, қатысушылар негізінен халықтың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға қатысты ұсыныстарға назар аударды. Спикерлердің айтуынша, әлеуметтік сала басты мақсатқа айналмақ. Оны іске асыру үшін бюджет қызметкерлерінің орташа жалақысын 200 мың теңге деңгейіне дейін арттыру, фермерлердің мемлекеттен субсидия алу жағдайын жақсарту, проблемалық несиелерге рақымшылық жасау, ауылдағы тұрғын үй құрылысын жандандыру, ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру және басқа да мәселелерді ілгерілету жоспарда бар.

Нұр-Сұлтан қаласында ADAL партиясының филиалы ұйымдастырған бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Жиын барысында 20-ға жуық жұмыс беруші бос жұмыс орындарын ұсынды. Жәрмеңкеге 70-тен астам елордалық жұмыс іздеп келді.

## АУЫЛДЫ ҚОЛДАУҒА ҚАЖЕТТІ ӘЛЕУЕТ БАР

***«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясының «Ауылдан ауылға» үгіт-насихат науқаны шеңберінде осы партияның атынан Парламент Мәжілісіне, Павлодар облыстық және аудандық мәслихаттары депутаттығына кандидаттар өңірдегі Шарбақты ауданы Орловка кентінің тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасында көзделген мәселелер талқыланды.***




Кандидаттар қатарында Н.Арсютин, Е.Тоқтышақов, Б.Аманжолов, К.Шапуов, Н.Жүсіпова, Д.Қасенов, В.Поляков, Д.Нұрсейітов, Ф.Лохашева болды.

«Ауылдықтардың» көшпелі тобын партиядағы әріптестері – филиал төрағасы Е.Байқұрманов және қолдау лигасы штабының басшысы А.Батыршаев бастап барды.

Н.Арсютиннің айтуынша, Орловка кентін үлгілі ауыл ретінде қабылдауға болады. Онда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі есебінен ауыл тұрғындарын толғандыратын сапалы ауыз су, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылым сынды мәселелер шешімін тапқан.

Өз сөзінде кандидат облыста мұндай ауылдар өте аз екенін атап өтті. Оның айтуынша, 2003 жылға дейін Қазақстанда 7660 ауылдық елді-мекен бар болса, қазіргі уақытта олардың 6322-сі қалғанын жеткізді. Яғни он жеті жылда еліміздегі 1328 ауыл немесе жыл сайын 100 ауыл «жойылды» деген сөз. Осындай жағымсыз құбылыс әлі де жалғасуда.

– Өкінішке қарай, шенеуніктер ауылдардың нақты мәселелерін шешудің орнына елді-мекендерді жабу туралы ұсыныс жасаған. Қазірдің өзінде қара тізімде 3000-нан астам елді мекен тұр. Біз мұны зиянкестік деп санаймыз, – деп қорытындылады Н.Арсютин.

Облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Е.Тоқтышақовтың пікірінше, тиімсіз бағдарламаларды қысқарту есебінен ауылдарды дамыту үшін белгілі бір резервтерді облыстық бюджеттерден табуға болады.

Кездесуден кейін «Ауыл» партиясының үгіт-насихат тобы Орловка ауылының маңында орналасқан «Победа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне барды.

«Победа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – өндірістік қуаттылығы тәулігіне 23 тонна өнім шығаратын заманауи тауарлы сүт фермасы. Кәсіпорында 400-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылған. 1000-нан астам сауын сиыр бар.

Кездесу барысында кәсіпорын басшысы Владимир Поляков кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі ауыл инфрақұрылымын дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Мысалы, «Победа» ЖШС көп жылдар бойы жолды өз қаражаты есебінен жөндеп келеді. Ауылдың әлеуметтік нысандарын қолдайды.

Кездесулер барысында мемлекет ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мәселелерін шешуде барынша жәрдем көрсетуі тиіс екені кеңінен сөз болды. Бұл – ұзақ және арзандатылған несиелер беру, жанар-жағар май мен жемшөпті субсидиялау.

AQ JOL Demokratialyq Partiasy

## «АҚЖОЛДЫҚТАР» – ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА

***«Ақ жол» партиясының өкілдері сайлауалды үгіт-насихат жұмысымен Қарағанды облысына барды. Олар сапар барысында партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған мәселелерді жергілікті халыққа кеңінен түсіндірді.***

Өңірге «Ақ жол» демократиялық партиясының атынан Парламент Мәжілісінің депутаттығына үміткерлер келді.

Партияның үгіт-насихат тобын бұл жолы Парламент Мәжілісінің депутаты Дания Еспаева, ECOJER экологиялық бастамалар қауымдастығының атқарушы директоры Рамазан Жампейісов және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Алаш» институтының директоры Сұлтан-Хан Аққұлы бастады.

Партияның жергілікті филиалының төрағасы Ермек Әбілдинмен бірге олар Қарағанды, Теміртау және Абай қалаларындағы бірқатар кәсіпорындарда болып, өндіріс басшыларымен және еңбек ұжымдарымен кездесті.

Кандидаттар «Ақ жол» демократиялық партиясы өз бағдарламасында көтерген мәселелерге тоқталып, отандық өндірушілер мен кәсіпкерлікті қолдау туралы ұсыныстарын ортаға салды. Сонымен қатар кездесуге қатысқандар жұмысшыларды әлеуметтік жағынан қорғау, партияның тұрғындарды алаңдатқан мәселелерді шешуге арналған бастамалары жөнінде пікірлесті.

Бүгінде жұмысшыларды алаңдататын мәселе көп. Әсіресе олардың әлеуметтік жағдайын көтеру мәселесі өзекті болып отыр. Жалпы, биылғы пандемияның салдары тұрғындар үшін аса ауыр болғаны белгілі.

Экономика, денсаулық сақтау саласымен қатар, қоғамда қордаланған әлеуметтік мәселелер қатары көбейді. Бұл тек Қазақстанның басына түскен жағдай емес. Әлемнің дамыған елдері аса ауыр экономикалық дағдарыста болса, өзге елдерде жұмыссыздық, кедейлік мәселелері күн тәртібінде тұр.

Бұл ретте «Ақ жол» партиясының өкілдері сайлауалды бағдарламада әлеуметтік мәселелерге баса назар аударылғанын жеткізді.

«Ақ жол» партиясы осы орайда кейбір үкіметтік бағдарламалардың сапасын арттыруды көздеп отыр. Партия жас отбасылар мен әлеуметтік аз қамтылған отбасыларды көбірек ынталандыру керек деген пікірде. Оған қоса, партия белсенділері әлеуметтік қорғау ең төменгі зейнетақы, ең төменгі жалақы және әлеуметтік жәрдемақылар айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) емес, ең төменгі күнкөріс деңгейімен есептелуі тиіс деген ұстанымды алға тартты. Бұл көмек азаматтардың азық-түлік сатып алуына, киім-кешегіне және коммуналдық төлемдеріне қажетті шығындарды жабуы керек.

Әлемді жайлаған індет цифрландыру мәселесінің де өзекті екенін аңғартқанын алға тартты үміткерлер. Олардың айтуынша, пандемия білім беру, денсаулық сақтау салаларында және әлеуметтік төлемдер жүйесінде көп қиындықтар туындаған және бұл мәселелер жедел шешімді қажет етеді. «Ақжолдықтар» сайлаушыларға ең бірінші кезекте осы әлеуметтік мәселелерді шешуге уәде берді.

## ЖАСТАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ

***Қазақстан Халық партиясының атынан Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар Жамбыл Ахметбеков пен Ирина Смирнова Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскемен қаласындағы қаржы-экономикалық колледждің ұжымымен және оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесуде партияның бағдарламасында қамтылған мәселелер талқыланды әрі күн тәртібіне жас отбасыларды қолжетімді ипотекамен қолдау мәселесі қойылды.***

Спикерлердің пікірінше, қазір мемлекет жастардың дамып, жетілуі үшін олардың барлық әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешіп, тұрғын үймен қамтамасыз етуі керек.

Ирина Смирнова Қазақстандағы жастардың үлесі халықтың едәуір бөлігін құрап отырғанын айтты.

– Соңғы ресми мәліметтерге сәйкес, елдегі 15 пен 34 жас аралығындағы жастардың саны 5 миллионнан асады және осыншама мөлшерде 14 жасқа дейінгі балалар бар. Үкіметтің алдында жас қазақстандықтарға білім алуға, жұмыс орнын табуға және жеке тұрғын үй сатып алуға көмектесу міндеті тұр, – деді Ирина Смирнова.

Төменгі палата депутаттығына кандидаттар қазіргі жастардың негізгі екі проблемасы бар екенін атап өтті. Олар – жұмысқа орналасу және жеке тұрғын үймен қамтамасыз ету.

– Біз азаматтардың барлық санаты үшін, оның ішінде жастар мен жас отбасылар үшін жыл сайын жеңілдетілген тұрғын үй салуға заңнамалық кепілдік берілген квоталарды бекіту қажет деп санаймыз. Қазақстан Халық партиясы еліміздің барлық мұқтаж азаматына лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету үшін мемлекетіміздің



жеткілікті ресурстарға ие екендігіне сенімді, – деді Жамбыл Ахметбеков.

Кездесу спикерлері Қазақстандағы қолданыстағы тұрғын үй бағдарламалары жастар үшін қолжетімсіз екенін, оларды жастар мен жас отбасылардың пайдасына қарай өзгерту қажет екенін еске салды.

Бұған қоса, Парламент Мәжілісінің депутаттығына Қазақстан Халық партиясының атынан кандидаттар Жамбыл облысына барды. Онда Тараздағы 2019 жылдың 27 ақпанында жарылыс болған тұрғын үй тұрғындарымен кездесу өтті.

Еске сала кетейік, аталған жарылыстан үш пәтер түгелдей қирап, 4 адам қайтыс болған. Үй тұрғындары әкімдік өкілдерінің пәтерлерді қалпына келтіруді мойнына алғанын жеткізді. Алайда пәтерлерге жүргізілген жөндеу жұмыстарының сапасы нашар.

Партия өкілдері сонымен қатар Шымкент қаласындағы апатты жағдайда тұрған үйде болды. Мұнда зейнеткерлер мен көп балалы отбасылар тұрады.

Жалпы, Парламент Мәжілісінің депутаттығына Қазақстан Халық партиясының атынан кандидаттар сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізуде.

# ТІГІНШІЛЕРДІҢ ТАҢДАУЫ – «NUR OTAN»

***«Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!» деген ұранмен үгіт-насихат жұмыстарын қызу жүргізіп жатқан «Nur Otan» партиясының жезқазғандық кандидаттары мен олардың сенімді өкілдері Елбасы, партия Лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен іске қосылған «Ютария LTD» өндірістік-инновациялық компаниясының тігін цехында болды.***



Жеңіл өнеркәсіп саласы қызметкерлерімен кездесуге келгендердің қатарында Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттығына үміткер Силар Қияқбаев, облыстық мәслихат депутаттығына кандидат Бауыржан Шыңғысов пен Төреқожа Тілемісовтің сенімді өкілдері Асқар Нұржанов пен Айгүл Туғанбекова бар. Еркін форматта өткен жиынның алғысөзін алған Силар Қияқбаев еліміздің жетекші партиясы «Nur Otan»-ның 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасын таныстырды.

– Партияның сайлауалды бағдарламасы биылғы науқанға орай әрбір өңірге жеке дара әзірленді. Бағдарлама жасақталмас бұрын осыған дейін ұйымдастырылған праймеризде халықтан түскен өтініштер ескерілді, оған қоса жергілікті әкімдікпен жиындар ұйымдастырылып, өңірде дамытуды қажет ететін салалар бойынша жұмыстар қамтылды. Мысалы, Жезқазған қаласында шешімін таппай келе жатқан ауызсудың сапасы, экологиялық ахуал мен инфрақұрлымды дамыту сынды өзекті мәселелер мысты өлкенің сайлауалды бағдарламасында көрініс тапқан. Бір сөзбен айтқанда бағдарлама сарапталып, талқыланып, даму, өрлеу қағидасын ұстанады», – деген кандидаттың сөзін Асқар Нұржанов жалғады. Ол өз сөзінде «Nur Otan» партиясының халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған басты бағыттарына тоқталды.

Ең алдымен «Nur Otan» партиясы мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға күш салатынын, инфляция деңгейін ескере отырып, әлеуметтік төлемдерге индекстеу жүргізетінін алға тартқан сенімді өкіл әлеуметтік көмек көрсетудің тәсілдерін біріздендіруге, оның ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бірыңғай әлеуметтік кодексті әзірлеу жоспарының да партияның межелеген ауқымды шаралары қатарында барына назар аудартты.

Жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, «Nur Otan» партиясы еңбек нарығының сұранысын ескере келе, жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу, кадрларды қайта даярлау бойынша кешенді шараларды қолға алатынын тілге тиек еткен Айгүл Туғанбекова отандық өндірушілерге қолдау көрсету де партияның басым бағыты екенін жеткізді. Алдағы жылдары мемлекеттік «Қарапайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламалары аясында кәсіпкерлікті өркендетуге арналған қолдау шаралары кеңейтіліп, бәсекеге қабілетті және импортты алмастыратын өнімдер шығаратын жаңа өндіріс орындарын ашуға басымдық берілетінінен хабардар болған тігін цехының еңбеккерлері әр қазақстандыққа лайықты өмір сыйлауды мақсат еткен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы бастаған «Nur Otan» партиясы мен оның кандидаттарын бірауыздан қолдайтындарын айтты.

– Сәтті орайлы пайдала отырып, халқының мүддесін бәрінен жоғары қойған Нұрсұлтан Назарбаевқа, ол төрағалық ететін «Nur Otan» партиясына алғыс білдіргім келеді. Ола ел басына күн туғызған мына пандемия кезінде демеу күткен көпке қаржылай қолдау көрсетіп, бір қуантты. Қолдауды сезінгендердің қатарында мен де бармын, – деген тігіншілердің бірі «нұротандық» кандидаттар саяси додада көш басынан табылатынына сенім білдірді.

# БІЛІМ САЛАСЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛМЕК

***Әлемнің дамыған отыз елі қатарынан табылуды мақсат еткен еліміз үшін бүгінгі таңдағы басты маңызды міндеттердің бірі – білім сапасын арттырып, ізденімпаз, еңбекқор, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру.***



Халықаралық тәжірибе «өмір бойы білім алу» қағидасы негізінде ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп берді. Оның бір дәлелі – білім беруге баса назар аудару арқылы әлемнің дамыған елдеріндегі экономиканың макро және микро деңгейлеріндегі өнімділіктің артуы. Айтуға оңай болғанымен аталған міндетке қол жеткізу бір мезетте бола қоятын іс емес. Жастар – елдің болашағы десек, ертеңгі күннің жарқын болу жауапкершілігі – алдымен, ұстаздар мойнына жүктелетіні белгілі. Міне, осы тұста ұстаздардың атқаруға тиісті негізгі шаруасы мен мемлекет тарапынан көрсетілер көмек жайындағы түйткілді мәселелердің шешімі «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасында көрініс тауып отыр. Нақты сандарға сүйенер болсақ «Nur Otan» партиясының құрамында педагогтер саны көп. Бұл тікелей ұрпақ тәрбиесіне жауапты ұстаздар қауымының еліміздің саяси өміріне салғырттықпен қарамайтынының тағы бір дәлелі болса керек-ті. Партия құрамындағы көпке сыйлы азаматтардың бірі – ұстаз, қаламыздағы № 1 ЖОББМ-нің директоры және Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты Әбдірахман Досанов.

Жақсы жаңалыққа жаны құмар қала ұстаздарына «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын кеңінен таныстыруды мақсаты еткен Әбдірахман Досанов жезқазғандық білім ошақтарын аралап, ұстаздар қауымына жетекші саяси партия ұсынған дамудың жеті бағытын жіте түсіндірді.

– Қашанда Елбасының сындарлы саясаты мен жүйелі жөн сілтеуін өз тәжірибесінде берік ұстанатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Партия жұмысының оң коэффициенті азаматтарымыздың өмірін жақсартатын нақты шешімдерге байланысты болмақ. Бос сөзбен құрғақ уәде емес, нақты әрекет қана халық сеніміне және саяси көшбасшылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан партия мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуды мықтап қолға алады. Бұл стратегиялық сипаттағы міндет. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі лауазымды қызмет атқаратын партия мүшелері еңбекқорлықтың, саяси жауапкершілік пен азаматтық патриотизмнің айқын үлгісі болуға міндетті. Партиямыздың мүшелері болашақта да осы үдеден табыларына күмән келтірмеймін», – деді «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XX съезінде сөйлеген сөзінде. Президентіміздің біздің партия мүшелеріне сенім артып, қолдау танытқаны бізді ерекше жігерлендіреді. Мен де алдағы уақыттарда осынау сенім жүгін абыроймен көтеріп, аймағымыздың игілігі үшін аянбай еңбек ете беретін боламын, – деген ол Жезқазған білім беру саласына қажетті негізгі түйткілді мәселелерге де тоқталып өтті.

1-ден 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту, үш ауысымды оқуды жою, Теректі стансасы мен Батыс ауданда, Геология елді-мекенінде жаңа мектеп салу, жезқазғандық мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттырып, білім ошақтарына 2800 компьютер сатып алу міндетін межелеген партияның сайлауалды бағдарламасын түсіндірген Әбдірахман Досанов әріптестерін тұрақтылық пен дамудың кепіліне айналған «Nur Otan» партиясын таңдауға шақырды.

***«Nur Otan» партиясы атынан алдағы сайлауға түсіп, қызу үгіт-насихат науқанын жүргізіп жатқан жезқазғандық кандидаттар экспромт-кездесу өткізуді дәстүрге айналды. Бұл кездесудің ерекшелігі сол – кандидаттың келетінінен ұжым бейхабар болады.***

# ХАЛЫҚПЕН АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Алғашқылардың бірі болып кездесудің мұндай форматын Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығына кандидат Дархан Мұхан мен Арман Кенжебек өткізді. Олар автокөлік бөлшектерін саудалайтын базарға барып, сатушылар мен сатып алушыларды «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әр қазақстандыққа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасын түсіндірді.




– Партияның сайлауалды бағдарламасы биылғы науқанға орай әрбір өңірге жеке дара әзірленді. Бағдарлама жасақталмас бұрын осыған дейін ұйымдастырылған праймеризде халықтан түскен өтініштер ескерілді, оған қоса жергілікті әкімдікпен жиындар ұйымдастырылып, өңірде дамытуды қажет ететін салалар бойынша жұмыстар қамтылды. Мысалы, Жезқазған қаласында шешімін таппай келе жатқан ауызсудың сапасы, экологиялық ахуал мен инфрақұрылымды дамыту сынды өзекті мәселелер мысты өлкенің сайлауалды бағдарламасында көрініс тапқан. Бір сөзбен айтқанда бағдарлама сарапталып, талқыланып, даму, өрлеу қағидасын ұстанады», – деген кандидат Дархан Қабылдашұлының сөзін жалғаған Жезқазғандағы ең жас кандидат «Nur Otan» партиясының халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға арналған басты бағыттарына тоқталды. Атап айтсақ, «Nur Otan» партиясы ең алдымен мемлекеттің әлеуметтік кепілдіктерін нығайтуға күш салып, инфляция деңгейін ескере отырып, әлеуметтік төлемдерге индекстеу жүргізуді, әлеуметтік көмек көрсетудің тәсілдерін біріздендіруді, оның ашықтығын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Жаңа сын-қатерлерді ескере отырып, «Nur Otan» партиясы еңбек нарығының сұранысына қарай жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу, кадрларды қайта даярлау бойынша да кешенді шараларды қолға алмақшы.

Қазір еліміздің алдында бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасалған мемлекеттер тобына қосылу мақсаты тұр. Осы орайда партияның сайлауалды бағдарламасы шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше ден қойып отыр. Мысалы, «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық сайлауалды бағдарламасы «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің 45 жаңа жобасына, «Еңбек» бағдарламасы бойынша кемінде 30 жобаға, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде кемінде 5 жобаға жыл сайынғы қаржылық қолдау көрсету жауапкершілігін өз мойнына алып отыр. Бұл қолдау шаралар 2025 жылға қарай шағын және орта бизнес кәсіпорындарының санын 6 мың бірлікке дейін, ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар санын 14 мыңнан 14,6 мыңға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз» деп ұрандаған Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттығына кандидат Бауыржан Шыңғысов, Силар Қияқбаев, Елдос Әбікенов бастаған қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Ізтөлеу Түсіпов, Эльвира Алпанбаева, Нүркен Ғабдулуахитов, Үміт Жасынбекова, Аманкелді Әлімжан, Раушан Қапарова, Жанар Салықова, Саят Балмағанбетов пен Ерлан Кенжебеков, Мархаббат Аймағамбетова, Әбдірахман Досанов та экспромт-кездесу барысында ірі сауда орындары мен автожөндеу орталықтарында, өндіріс ошақтарында үгіт-насихат жұмыстарын өткізді. Жезқазған қаласына қарасты селолық округтердің тұрғындары да назардан тыс қалмады. Кеңгір, Малшыбай мен Талап селосындағы сайлаушылар да партияның сайлауалды бағдарламасымен танысты. Ауыл тұрғындарын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ауылдық жерлерді дамыту да – басты назарда болады. 246 елді-мекенге газ тартылады. 27 мың шақырым жол жөнделеді. Алдағы бес жылда 1 млн отбасы үшін 100 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынады» дегені ерекше жігерлендіргенін айта кеткен жөн. Олар осынау игіліктерге «Nur Otan» партиясымен бірге қолжеткізетініне кәміл сенеді.

# БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМЫТУ –

## *«Nur Otan» партиясының басты міндеттерінің бірі*

***Бұқаралық спортты дамыту – болашағымыз үшін, оның ішінде, жастарымыз үшін өте маңызды. Себебі бүгінде еліміздің абыройын көтеріп жүрген Олимпиада және әлем чемпиондары бұқаралық спорттан түледі. Одан бөлек бұқаралық спорттың ұлт саулығына тигізер әсерін айтып жатудың өзі артық. Сондықтан, спортты дамыту мемлекеттің және «Nur Otan» партиясының басты міндеттерінің бірі болып отыр. Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығына үміткер кандидаттар Нүркен Ғабдулуахитов пен Аманкелді Әлімжан үгіт-насихат науқаны кезінде «Ұлытау» спорт кешенінің тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.***



Бүгінде жүздеген жезқазғандық жеткіншекке күрес пен дзюдоның қыры мен сырын меңгертіп, баскетболға баулыған спорт сарайының ұжымын ұлық мереке ҚР Тәуелсіздігі күнімен құттықтаған кандидаттар алдымен «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әр қазақстандыққа лайықты өмір» атты сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары туралы баяндап, партияның сауатты да жүйелі жұмысының арқасында еліміздің қолжеткізген басты жетістіктерін тілге тиек етті.

– Партияның сайлауалды бағдарламасы 4 тараудан тұрады. Баршаға тең мүмкіндік беру, зияткер, дені сау және ұқыпты ұлт қалыптастыру, тұрақты экономика, есеп беретін мемлекет пен жауапты азаматтар деп тарау-тарауға бөлінген партияның сайлауалды бағдарламасының екінші дені сау ұлт қалыптастыруға бағытталып отыр. Алдағы уақытта білім мен ғылымға, денсаулық сақтау саласына, мәдениет пен спортқа бөлінетін қаржы ұлғаяды. Мәселен, денсаулық сақтау саласын қаржыландыру ішкі жалпы өнімнің 5 процентінен кем болмайды. Өңірлерде 20 заманауи медицина орталықтары бой көтереді. Елді мекендердегі аурухана, емханалар қажетті қондырғылармен жабдықталады. 2023 жылы дәрігерлердің жалақысы 2,5 есеге өседі. Сонымен қатар жаттықтырушы-оқытушылардың да айлығы көбейеді. Ауылдық округтерде спорт жөніндегі нұсқаушы қызметі пайда болады. Көріп тұрғандарыңыздай бағдарламада бұқаралық спортты жан-жақты дамытуға ден қойылып отыр, – деп канвассинг форматында өткен кездесуде сөз алған Нүркен Ғабдулуахитов бұқаралық спортты дамыту мәселесіне «Nur Otan» партиясының Жезқазған қаласы бойынша сайлауалды бағдарламасында басымдық берілгенін тілге тиек етті.

Партия алдағы бес жылдағы жұмысын ұлт денсаулығын нығайтуға, халықты бұқаралық спортқа тартуға бағыттайтын болады. Ол үшін «Nur Otan» партиясы келесі міндеттерді жүзеге асыруды жоспарлап отыр. 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен ескек есу спорты кешенін ашуды, 1200 көрерменге арналған жабық мұз сарайын салуды межелеген. Сонымен бірге, 13 Street Workraut алаңының құрылысы және жасанды төсеніші бар 10 шағын футбол алаңы есебінен спорт инфрақұрылымын кеңейтетін болады. Бұл 1 мың адамға шаққандағы халықтың спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуін 2025 жылға қарай 50%-ға дейін арттырып, 4,9 мың адамды бұқаралық спортпен қамтуға мүмкіндік береді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық ететін «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасымен жіті танысқан бапкер-жаттықтырушылар бастаған ұжым алдағы жылдары спортқа ерекше назар аударылатынына риза болысты.

– Спорт саласына деген қолдаудың еселенетіні қуантып отыр. Жалпы, біздің сала қолдаусыз емес. Күні кеше ғана біздің спорт сарайы мемлекеттік «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының шарапатын көрді. Мердігер «ЭкоСтрой 2015» ЖШС нысанның кіреберіс сатысын жөндеп, барлық талаптарға сай пандус орнатып берсе, «А.Ж.А.Р.-4» ЖШС ғимарат шатырын жаңартты, – деген ұжым қызметкерлері Жезқазған қалалық мәслихаты депутаттығына үміткер кандидаттарға алдағы сайлауда жеңіс тіледі.

Естеріңізге сала кетсек, Жезқазғанда спорттың 26 түрімен айналысуға мүмкіндік жасалған. Олардың 12-сі — олимпиадалық, үшеуі — ұлттық. Бүгінде халық игілігі үшін «Ұлытау» спорт сарайы, «Металлург» стадионы, спорт-сауықтыру кешені, «Таэквондо» спорт орталығы, «Намыс», «Чемпион», «Бірлік», «ММ ФИТ» және «Олимп» спорт клубы, спорт мектебі жұмыс жасап тұр. Былтыр мысты өлкеде 9 спорт шебері, 24 спорт шеберлігіне үміткер, 17 1-разрядты спортшы даярланды. Өткен жылы 6 республикалық және 10 облыстық чемпионат, 25 республикалық турнир, студенттер мен оқушылар арасында 102 қалалық біріншілік пен турнир өткен.

# «JAS OTAN» МҮШЕЛЕРІ ДЕ БЕЛСЕНДІ

***«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» жастар қанатының Жезқазған аймағының төрайымы Нұргүл Талғатбекова бастаған бір топ белсенді еліміздегі жетекші партияның үгіт-насихат науқанына білек сыбана кірісті. Бүгінде жастар «Сенің дауысың – маңызды», «Өз таңдауыңды жаса» атты акцияларына үн қосып, жезқазғандықтарды алдағы сайлауда «Nur Otan» партиясын таңдауға шақыруда.***



«Jas Otan» жастар қанатына мүшелік ететін жүзден аса жезқазғандық жас барлық мүмкіндіктерді пайдаланып жатқанын айтпай кетпеске болмас. Қала көшелерінде ақпараттық жадынама орналастырып, тұрғындарға таратумен қатар әлеуметтік желілерді де оңтайлы пайдалануда. Олар «Инстаграм» мен «Фейсбук» желілерінде ұйымдастырған түрлі челлендждер мен акциялар жастардың қолдауын тауып, көп қаралымға ие болуда. Мысалы, жасотандық Мейіржан Райымқұлов инстаграмдағы жеке парақшасында замандастарына 10 қаңтарда өтетін сайлауға қатысып, «Nur Otan» партиясын таңдауға үндеген постында оқырмандары «Жеңіс – «Нұр Отанда», «Алға, «Nur Otan»» деген ұрандағы пікірлер қалдырса, Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті Жансая Марат «Фейсбук»-тегі парақшасында «Nur Otan» партиясына мүше екенін мақтан тұтатынын айтып, жастарды Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын партия лидері Нұрсұлтан Әбішұлының бастамаларын өміршең етуге үлес қосуға шақырды.

Әлі де үгіт-насихат жұмыстарын қызу жүргізетіндерін жеткізген «Jas Otan» жастар қанатының Жезқазған аймағының төрайымы Нұргүл Талғатбекова жасотандықтардың қатарына қабылдануға ниет танытқан жастардың қатары күн санап артқанымен мақтанды.

– Қазір біздің бос уақытымыз жоқ. Біз барлық жезқазғандықты «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын хабардар еткіміз келеді. Өйткені, бүгін қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруды мақсат еткен партияның сайлауалды бағдарламасын бірі білсе, бірі білмейді. Игі істердің бас-қасынан табылатын «Nur Otan»-ның 2025 жылға дейін межелеген жоспарына қаныққан біз жолыққан жерлестер сайлауда біздің партияны қолдайтындарын айтты, – деп қуанышын жасыра алмады Нұргүл Талғатбекова.

«Nur Otan» партиясы алдағы уақытта жоғары білім алу үшін гранттардың санын кемінде 50%-ға ұлғайтуды жоспарлап отыр. Жыл сайын қазақстандық 75 мың жас тегін жоғары білім ала алады. Бұл ретте 2025 жылға қарай сұранысқа ие мамандықтар бойынша колледждерде білім алу тегін болмақ. Студенттердің шәкіртақысын, магистранттар мен докторанттардың стипендиясын көтеру, колледждер мен университеттер жатақханаларында кемінде 50 мың жаңа орын енгізу де партияның сайлауалды бағдарламасында қамтылған. Ал, партияның Жезқазған қалалық сайлауалды бағдарламасында ел болашағы жастарға арнайы бір бағыт арналған. «Nur Otan» партиясы жастарға жан-жақты қолдау көрсетуді күшейтіп, жыл сайын жастар арасынан кемінде 2 мың адамды жұмысқа орналастыруды, өз ісін ашуға және бизнесті дамытуға төменгі мөлшерлememен несие беруді ұйымдастыру міндетін қойып отыр.

*«Nur Otan» партиясының Қарағанды облысы Жезқазған қалалық сайлау қорынан төленді*

ЖЫЛДЫҢ ТОЛҒАҚТЫ МӘСЕЛЕСІ

# ЖЫРҒА АЙНАЛҒАН ЕСҚҰЛА

***Жақында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Мамин Парламент Мәжілісі депутаттары көтерген мәселеге орай Жезқазған қаласын сумен жабдықтау мақсатында салынып жатқан Есқұла су құбыры құрылысындағы келеңсіздіктерге назар аударып, бұл жоба бойынша орын алған жағдай мен алдағы белгіленген істерді атап айтты. Жезқазғанға дейін тартылуға тиіс құбырдың жалпы ұзындығы 71,8 шақырым болады. Оның Сәтбаев қаласына дейінгі 55,3 шақырымы 2018 жылдың сәуір айынан бастап байқау ережесі бойынша іске қосылып, бүгінде екі құбырмен су беріліп тұр. Алайда, А.Мамин атап көрсеткендей, құрылыс-монтаж жұмысының барысында моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтардың салынуынан суды зарарсыздандыру жүйесі жүзеге асырылмаған. Сондай-ақ, бұрынғы бас мердігер «Caspian Contractors Trust» ЖШС №1 және №2 екі резервуарды құрастыру жұмыстарын сапасыз орындаған. Геология, экология және табиғи ресурстар министрлігі техникалық қорытынды негізіндегі тексерісте орын алған кемшіліктерді жою қажеттігі туралы бас мердігерге хат жолдағанымен, оның тарапынан көрсетілген ескертулер жолға қойылмапты. Осыған байланысты министрлік мердігерді сотқа беріп, жіберген кемшіліктерді қалпына келтіру жұмыстары үшін 463 млн. теңге талап еткен көрінеді. Бірақ, соттың барлық сатыларында министрліктің талап арызы қанағаттандырылмаған. Депутаттардың сауалына жауап беру кезінде Премьер-министр осы жағдайлардан хабардар ете келіп, Кешенді жоспардағы жобаны жүзеге асыруға бақылау жасау жөніндегі жүктелген міндетін дұрыс атқармағаны үшін министрліктің су ресурстары жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары Мақсат Аяшевтың тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын мәлімдеді.***

Жезқазған, Сәтбаев қалаларын әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі Кешенді жоспарға енгізілген Есқұла су құбырының құрылысы кейінгі нақтыланған жоба бойынша 2020 жылы толық аяқталуға тиіс болатын. Жобаны аяқтау үшін республикалық бюджеттен 500 млн. теңге қаралған еді, қымбатшылыққа байланысты Жұмыспен қамту жол картасы аясында 2020-2021 жылдарға қосымша 1 937 млн. теңге бөлінді. Алайда, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институтының жобаға түзету енгізуі себебінен құрылыс-монтаж жұмыстары тоқтап қалды. Жобалық-сметалық құжатқа түзету үстіміздегі жылдың қарашасында енгізіліп, одан әрі мемлекеттік сараптаманың оң бағасын алды. Уақыттың тығыздығына байланысты биылғы жылдың игерілмей қалған қаржысы республикалық бюджетке қайтарылды. Қазірде министрлік мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс бойынша құрылыспен одан әрі айналысатын мердігер ұйымды анықтау үстінде. Жезқазғанды сумен қосымша жабдықтауға тиіс жобаны енді келесі жылы аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен, Есқұла су құбырының құрылыс-монтаж жұмыстарына тағы 2 млрд. теңгеден аса қаржы бөлуге тура келеді.

Ал, енді Есқұлаға қатысты бұдан бөлек тағы екі жоба жүзеге асырылуда. Оның бірі – ескірген Есқұла су жинағышын қайта жаңғырту. Оның құрылысына бөлінген 2 357,6 млн. теңгенің 1 105,97 млн. теңгесі игерілді. Бас мердігері – «СК-Kaz Alem» ЖШС. Екінші жоба – 55-шахта аумағындағы кен өндіру аймағына еніп кетуіне байланысты су құбыры учаскесінің 15,2 шақырымдық бөлігін «Жезқазған-Есіл-Петропавл» автожолының бойына көшіру. Бұл жұмысқа бөлінген 1 758,1 млн. теңге қаржының 1 486,81 млн. теңгесі игерілді. Бас мердігер министрліктің «Казводхоз» РММ-сі. Биыл аяқталуға тиіс деген бұл екі жоба Сәтбаев қаласы тұрғындарын жерасты көзінің сапалы ауызсуымен қамтамасыз етуді көздейді.

«Жырға айналған Есқұла» дейтініміз, Жезқазғанға дейін тартылатын осы жоба осыдан 12 жыл бұрын қолға алынған болатын. Сол алғашқы кездің өзінде-ақ өңір тұрғындары жобаның өте тиімсіз екенін айтып дабыл қаққан еді. Менің қолымда 2008 жылдың желтоқсан айында 53 адам қол қойып, ҚР Парламентіне, ҚР Үкіметіне және Қарағанды облысының әкіміне жолдаған Жезқазған қаласы қоғамдық өкілдерінің ашық хаты сақтаулы. Сол хаттан үзінді келтірейін. «Біз Жезді кенті мен Сәтбаев қаласын сумен жабдықтап, 40 жыл бойы пайдаланылып келе жатқан Есқұла су құбырын жаңартып, оны Жезқазғанға дейін жеткізуді көздейтін жобаның жай-жапсарын жақында білдік. Бұл жобаға республикалық бюджеттен Үкімет 4 млрд. теңгеге жуық қаржы бөліпті. Бірден айтуымыз керек, Жезқазған қаласын ауызсумен қамтамасыз етудің бұл – кездейсоқ таңдалған, ең тиімсіз жобасы болғалы тұр. Біріншіден, оның құрылыс жұмысы, сондай-ақ құбырды одан әрі пайдалану өте қымбатқа түседі. Мәселен, жоғары диаметрлі полиэтилен тұрбадан ұзындығы 78,2 шақырым құбыр тартып, тағы да жаңадан 5 нысан салынатын бұл күрделі құрылысқа 5-6 жыл уақыт кетеді. Жобада көрсетілген 3 жылда игеру мүмкін емес. Тапсырыс беруші Жезқазған әкімдігі, қаржы мәселесі шешілгенмен құрылыс жүргізуші мердігер әлі белгісіз. Екіншіден, бұл жоба жүзеге асқан күнде Есқұла су көзі Жезқазғанды ауызсумен толық қамтамасыз ете алмайды. Су көлемінің жетпеген елеулі мөлшерін бұрынғыша Кеңгір су қоймасынан толықтыру жалғаса бермекші. Сонда толықтай жер астынан келетін сапалы су мәселесі шешілмейтін болса қыруар қаржыны босқа жұмсаудың қажеті қанша?», – деп жанайқайларын білдірген екен қоғам өкілдері. Оған қосымша айғақ ретінде 2007 жылғы көрсеткіш бойынша Есқұла су жинағышынан Сәтбаевқа жыл ішінде 12,4 млн. текше метр су берілгені, ал кеншілер қаласының шаруашылық және ауызсуының жылдық қажеттілігінің көлемі 20 млн. текше метрге жуық екені туралы ресми құжаттық анықтамалар да келтірілген. Бұл дәйектерге сүйенсек, Есқұланың су көлемі кеншілер қаласынан артылмайтыны ап-айқын көрініп тұр. Сондай-ақ ашық хатта осы қаржыға Қожамсейіт жерасты су көзінің ұңғымаларын бұрғылап, оған қосымша жұмыс істеп тұрған Үйтас-Айдос су құбырына қосса Жезқазғанды қамтамасыз етуге толық жететіні де дәлелмен жазылған еді. Хатқа қол қоюшылардың арасында су мамандары, қаланың сыйлы ақсақалдары да бар-тын. Олардың біразы бұл күнді көрмей өмірден өтіп кетсе, біразы басқа жақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Дегенмен, қоғам өкілдерінің қисынды пікірі мен орынды ұсынысына кезінде дұрыстап құлақ асқанда жылдарға созылған мұндай шырғалаң болмас па еді? Әйтеуір, бір кем дүние демеске лаж жоқ.

Сапалы ауызсудың жолға қойылмауы Жезқазған тұрғындары үшін жанға батар ең өзекті мәселе. Үстіміздегі жылдың мамыр айында облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің Жезқазғанға жұмыс сапары барысында: «инженерлер мен мердігерлер құбыр құрылысының барлық үш кезеңін 2020 жылдың соңына дейін аяқтаймыз деп мәлімдеді» деген хабар таратылғанда Есқұладан су ішетіндей «е-е» десіп қалып едік. Көріп отырсыздар, енді Үкімет басшысы құрылыстың 2021 жылы аяқталатынын алға тартып отыр. Жылдан жылға жалғасып келе жатқан су құбырының жыры түбі немен тынар екен?! Оны да уақыт төреші көрсетер...

**Амандық РАХҰЛЫ**

ЖЫЛДЫҢ ШУЛЫ ТАҚЫРЫБЫ

***Ұлы Абайдың 175 жылдығына орай жер-жерде игі істер атқарылып, лайықты тартулар жасалғанда жезқазғандықтар бұл жағынан шынын айтқанда ұятты болды. Әлем мойындаған тұлғаның мүсінінің тұғырға емес, құбырға қондырғандай сәтсіз орнатылуы халық арасында елеулі наразылық туғызды. Осыған орай, бір айға жуық көзге күйік болып тұрған шағын ескерткішті жауапты тұлғалар 23 маусым күні алып тастауға мәжбүр болған еді. Жаңадан басқа ескерткіш жасалатыны да сол кезде жария етілді.***

# АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ НЕ БОЛДЫ?



Көпшілік көңілінен шықпаған бұл жобаны Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі жүзеге асырған екен. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі оларға ескерткіштік мүсінді мемлекеттік тапсырыс арқылы орнату үшін республикалық комиссиядан рұқсат алып берген. Аталмыш бөлім жобаны кіші сәулет туындысы ретінде жүзеге асырып, ақын мүсінін ЖК «А.Меңдіғалиев» жасаған көрінеді.

Сәтсіз шыққан мүсінді алып тастаған кезде қала әкімдігінің баспасөз қызметі «Мәдениет бөлімі арқылы Абайдың еңселі ескерткішіне тапсырыс берілетін болды» деп, ел көңіліне жағымды хабар таратқан болатын. Алайда, әлеуметтік желі қолданушылары кейіннен осы мәселе туралы сұрау салғанымен бүгінге дейін нақты жауап жоқ. Әжептәуір қаржы бөлінген жұмыстың аяғы биыл осылайша еш нәтижесіз тиянақталды. Сәулет және қала құрылысы бөлімі бекіткен жоспар бойынша Абай және Сарыарқа көшелерінің қиылысындағы 3500 шаршы метр аланды абаттандыру да үстіміздегі жылдың жоспарлы істерінің бірі еді. «KAZAKH TECHNO» ЖШС жасаған жоба ойдағыдай жүзеге асса бұл жер адамдар тынығып отыратын, балалар ойнайтын әдемі гүлзарға айналады деген ел үміті де ақталмады.

Сөйтіп, Абай жылында ақын атындағы көшені де дұрыстап аялай алмадық. Абай көшесі бойындағы табан жолдардың тозығы жетіп, азып бара жатқаны бүгінде жиі айтылып жүр. Көше келбетінің осындай келеңсіздіктеріне қала билігі мүмкін келесі жылы көңіл бөлер деп үміттенеміз.

ЖЫЛДЫҢ ОРЫНДАЛМАҒАН УӘДЕСІ

# «БҮКІР» КӨПІР ҚАШАН АШЫЛАДЫ?

***Ел арасында «Бүкір көпір» аталып кеткен теміржолдың үстінен өтетін №4 жол өткелі кейінгі жылдары апатты деп табылып, биыл қайта жаңарту жұмыстары басталған еді. Алайда, мердігер ұйым – «Асыл ЖАС» ЖШС құрылыс жұмыстарын 2020 жылдың қараша айында аяқтау жөніндегі міндеттемесін орындамады. Бұл жағдай ала жаздай шыдап келген қала тұрғындарына айтарлықтай қолайсыздық туғызып отыр.***



Осы көпір арқылы вокзал аумағы мен әуежайға, сондай-ақ Геология мен Талап кентіне баратын автокөліктер амалсыздан мыс қорыту зауытының сыртындағы айналма жол арқылы қатынайтын болды. Сапаржайға дейін баратын автобустар көпірге қайта жаңғырту жұмыстары басталғалы бергі жағындағы «Орион» аялдамасына дейін жеткізумен ғана шектелуде. Станса маңындағы ауданда тұратын тұрғындар бастарын қауіпке тігіп, енді көпір астындағы бірнеше тармақты рельстер үстімен жүруге мәжбүр болуда. Бұл болат жолдармен кен тасыған пойыздардың толассыз жүріп жататыны белгілі. Жан-жаққа жүретін жолаушылар да көпір құрылысының ұзаққа созылуына реніжулі. Автобустың жүрмеуіне арқаланған жеке тасымалдаушылар да бағасын аспанға көтеріп тұр. Қазір вокзалдан қалаға, немесе керісінше вокзалға жеткізетін таксилер 800-1000 теңге аралығында алып, жұрттың қалтасын қағуда.

Қайта жаңғыртылып жатқан көпірдің бекітілген жоба бойынша ұзындығы 58,1 метр, ені – 24 метр болуға тиіс. Үстіне бетонды-асфальт төсемі төселеді. Құрылыстың жалпы құны 699,9 млн. теңге. Тапсырыс беруші – Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі. Олар тиісті қаржысын іркіліссіз төлеген көрінеді. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдың сәуір айында басталған. Қала әкімі Қайрат Әбсаттаров 21 қазандағы кезекті аралауында барып көргенде мердігер ұйымның жауапты өкілдері: «Жұмыс жоспар бойынша атқарылуда, қарашаның аяғында нысанды тапсырамыз», – деп уәде берген болатын. Одан кейінгі бір жолы желтоқсан айында аяқтаймыз дегенін естідік. Міне, енді жаңа 2021 жылдың табалдырығына қадам аттауға да санаулы-ақ күн қалды. Уәде орындалмай, «Бүкір көпір» құрылысы әлі бітер емес. Біз мәселенің мәнісін нақтылай түсу ниетімен «Асыл ЖАС» ЖШС-нің басшысы Қазбек Жұмагелдиевпен хабарласқан едік.

– Құрылыс жұмыстарының басталғанына 8 ай болды. Негізі мұндай көпірді күрделі қайта жаңғыртуға 11 ай мерзім керек. Бағдарлама әкімшісінің яғни «ЖКХ» бөлімінің ең әуелде нысанда атқарылатын жұмыстарды дұрыстап саралап, көрсете алмауынан құрылыс жұмыстарын атқару барысында жобаға елеулі өзгерістер енгізілді. Біз қосымша көп жұмыстар атқардық. Көпір астындағы темір жолдармен күніне 124 пойыз өтеді. Уақыт тұрғысынан олардың да өзіндік кедергісі бар. Әлі көпірге баспалдақтар, суағарлар салу сияқты біраз жұмыстар бар. Оларды негізінде көктемге қарай күн жылына атқармақпыз. Бұл жұмыстарға қосымша 257 млн. теңге қаржы керек. Ал, орындалған жұмыс көлемі үшін 614 млн. теңге қаржы кедергісіз аударылды. Құрылысшыларымыз жалақысын уақытылы алуда. Қала әкімі Қайрат Бектайұлы жобадағы өзгерістерге байланысты атқарылатын істерге түсіністікпен қарап, тиісті қолдау жасап отыр. Арматура, бетон материалдарымен де көмектесуде. Көпірдің жабылып қалуының халыққа қолайсыздық тудыратынын біз де жақсы түсінеміз. Қазір шамалы бір жұмыстарымызды реттеген соң, көпір толықтай бітпесе де жаңа жылдан кейін автокөліктердің өтуіне мүмкіндік жасағалы отырмыз, – дейді мердігер ұйымның басшысы.

**Нығыман РАХЫМ**

ЖОБА

# «ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ және ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ БЮДЖЕТІНЕН ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАТЫН АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ КӨТЕРМЕЛЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидалары бекітілсін.

2. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысына және әкім орынбасарларына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Жезқазған қаласы әкімі Қ. ӘБСАТТАРОВ**

## «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану ҚАҒИДАЛАРЫ

1. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану жөнінде осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану тәртібін анықтайды.

2. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне мынадай көтермелеулер қолданылады:

1) біржолғы ақшалай сыйақы;

2) алғыс жариялау;

3) грамотамен марапаттау;

4) көтермелеудің өзге де нысандары, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттау.

3. Мемлекеттік қызметшіге бір ерекшелігі үшін бір көтермелеу ғана қолданылады.

4. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша көтермеленеді.

5. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін біржолғы ақшалай сыйақымен көтермелеу, құрамы қала әкімінің өкімімен бекітілетін мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу мәселелері жөніндегі Бірыңғай комиссиясының шешімінің негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Комиссия).

6. Біржолғы ақшалай сыйақы төлемі «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілеріне Жезқазған қаласы әкімінің өкімі негізінде, ал Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын өзге де атқарушы органдарының мемлекеттік қызметшілеріне тиісті атқарушы орган басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызметшілерге ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны, тапсырмаларды тиісті және адал атқарғаны үшін Жезқазған қаласы әкімінің алғысы жарияланады.

8. Мемлекеттік қызметшілер Жезқазған қаласы әкімінің грамотасымен қызметтік міндеттерін үлгілі атқарған, қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізген, «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы орган алдына қойған ерекше маңызды тапсырмаларын шешуде қосқан жеке үлесі үшін марапатталады.

9. Грамота және алғыс жариялау мемлекеттік немесе орыс тілдерінде әзірленеді және Жезқазған қаласы әкімінің қолы қойылады.

10. Жезқазған қаласы әкімінің грамотасымен және алғысын жариялаумен көтермелеу туралы шешім «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын тиісті атқарушы органдардың бірінші басшыларының ұсынымдары бойынша қабылданады.

«Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің қала әкімінің грамотасымен көтермелеулерін есепке алу қала әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі, көтермелеу бойынша мәліметтерді мемлекеттік қызметшінің еңбек кітапшасына және жеке іс қағазына енгізумен жүргізеді.

11. Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеудің басқа формалары қолданылады.

12. Мемлекеттік қызметшілер мына жағдайларда көтермелеуге жатпайды:

1) алып тастамаған тәртіптік жазасы болса;

2) сынақ мерзімінен өту кезеңінде;

3) «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшісіне қатысты Ұлттық қауіпсіздік органдарының арнайы тексеруі кезінде;

4) мемлекеттік органда бір айдан аз жұмыс істегендер.

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ ЕДІ



***Бокс – қанды қыздырып, денені шынықтыратын, жүректі шымыр етіп, қайратыңды жанитын ерекше спорт түрі. Тарихшылар бокстың пайда болған жері Ежелгі Грекия дейді. Аталған спорт туралы алғашқы мәліметтер мен оның негізгі қимылдары, әдіс-тәсілдері гректердің құдайлар туралы аңызында айтылады деген де деректер бар. Не десек те, жойқын соққы мен шапшаң қимылды қажет ететін жұдырық бәйгесінде басқасы басқа қазақтың қара домалақ ұлдары оқ бойы оза шауып, жеңіс тұғырын берген емес. Соңғы уақытта жезқазғандық бокс та ерекше қарқынмен дамып келеді. Шаһар жастары жыл сайын әр деңгейдегі ауқымды спорт шараларынан белбеудің түр-түрін қанжығасына байлауда. Жақсы шәкірт жақсы ұстаздан шығады. Бүгінде аймағымызға белгілі біраз мықты боксшыларға жолбасшы болып, үлкен спортқа бағыттаған, біразынан шебер бапкер жасаған, Жезқазған спорты тарихында есімі алтын әріптермен жазылар боксшының бірі – Мұратбек ЖҮСІПОВ.***

1966 жылы Жезқазған қаласында дүниеге есігін ашқан ол – № 8 қазақ гимназиясының түлегі. Сол кезеңдерде боксқа қызығушылық танытқан жастар қатары көп еді. Солардың қатарында Мұратбек бастаған біршама жезқазғандық жастар болды. Өзге қатарластарынан қалмай бокс үйірмесіне жазылған ол бүкіл ғұмыры осынау қиын да қызықты әрі күрделі салаға арналатынынан бейхабар тұғын. I категориялы шебер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әлиакпар Есенеевтің қолына түскен ол, боксқа жан-тәнімен білек сыбана кірісті. Өзге қатарластарынан оқ бойы оза шапқан ол 1982 жылы Жезқазған облысының «Динамо» кеңесіне мүшелікке қабылданды. Осылай білігін шыңдап жүрген оған 1984 жылы әскер қатарына шақырту келеді. Сөйтіп 1984-1986 жылдары құпия зымырандық полигон Капустин Ярьға Отан алдындағы әскери борышын өтеуге аттанады. Мұратбек Жүсіповті аузынан тастамай, сағына еске алатын достарының бірі – Талғат Дүсенов.

– Мен Мұратбекті оқушылық кезден таныдым. Боксқа қызығушылық танытқан екеуміз дайындықтарға да бірге барып жүретінбіз. Оқу бітірген соң әскерге шақырылдық. Тағдыр тоғыстырғандай екеуміз бір әскери бөлімге аттандық. Спортшының аты спортшы ғой. Оның шымырлығы біліні тұратын. Әскерге неше түрлі балалар келеді. Солдаттарға жүгіру қалыпты жағдай. Кейбірі қиындыққа шыдамай жатады. Ол төзімді болды. Басқа қатардағы жауынгерлерден ерекшеленіп, барлық оқу-жаттығу жұмыстарын сәтті меңгеріп кетті. Ол әскердегі жерлестерінің қамын ойлап жүретін. Полигонға оқу-жаттығу жұмыстарына келген өзге ұлт өкілдерінен май айырбастап алып келіп, бізді жинап «Аш жүрмеңдер» деп бөліп беретін. Тазалықты жақсы көретін. Әскер қатарында киімімізге жаға тігеміз. Ол жағаны аптасына бір-екі реттен ғана береді. Күнделікті жаттығу, одан қалса түрлі жұмыстар кезінде ер адамның жағасы кірлемей тұрмайды ғой. Соған намыстанған ол жаңадан келгендер кір-кір болады да жүреді деген атқа ілікпеу үшін таныстарынан төсекке төсейтін мата сұрап алып, оны әр аптаға бөліп, әспеттеп қиып беретін. Ол досқа адал еді. Оның бауырмалдығын барша араласқан жұрты жақсы біледі, – дейді досын сағына еске алған КСРО спорт шеберіне кандидат үзеңгілес досы Талғат Аманбекұлы.

Мұратбек Жүсіпов елге оралған соң өзі түлеп ұшқан «Динамоға» жұмысқа тұрды. Талабымен көзге түскен ол КСРО былғары қолғап шебері атағына ұсынылды. Бокста ең жеңіл саналатын 51 келілік салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен ол 1988 жылы бокстан КСРО кубогының жүлдегері атанды. 1989 жылы КСРО чемпионатының қола жүлдесін қоржынға салды. Дәл осы жылы Кеңес Одағының батыры Д.Шопаков атындағы дәстүрлі Бүкілодақтық турнирде жеңімпаз атанды. Польшаның Биалуситок қаласында өткен XXIV Халықаралық бокс спартакиадасында 54 келілік салмақ дәрежесінде күміс медальді қанжығалады.



Кейіннен өмірін ұстаздық кәсіпке арнағанды жөн көрген ол Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде оқытушы болып жұмыс істеді. Бұл жерде де оның қанатының астынан қаншама дарынды жастар түлеп ұшты. Сегіз қырлы, бір сырлы азамат мал, жер шаруашылығын да қоса меңгеріп, өз кәсібін дөңгелете білді. Ізінен ерген қарасы, ұлы Саматты да жастайынан спортқа баулыған ол, оның елі мақтан етер жетістіктерге жетуі жолында біраз тер төкті. Соңында еңбегі еш кетпей, талапты ұл талапкер әкенің үмітін ақтап, көптеген бәсекелерде биіктерден көрінді. Мұратбек Жүсіповтің есімі «Қазақ боксшылары», «Бокс энциклопедиясы» кітаптарына енді.

2020 жылдың 27 қарашасында дүниеден өткен Жезқазған боксының жарық жұлдызы, карт спортшыны елі ешқашан ұмытпасы анық. Жақсының аты өлмейтіні ақиқат. Мысты шаһардың бокс спорты қарыштап дамып, еліміздің Көк Байрағы заңғарларда желбіреген сайын Мұратбек Жүсіповтің де рухы шалқып, есімі ұлықтала бермек.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ЕРТЕ ЖҮКТІЛІК МӘСЕЛЕСІ БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ӨЗЕКТІ

***Қазақ халқы қыз – болашақ ана, шаңырақтың берекесі деп, оның тәрбиесіне баса мән берген. Әлеуметтік желіде де көп талқыланатын мәселенің бірі – қыз тәрбиесі. Киім киісінен бастап, сөйлеуі, тамақ дайындауы, тіпті атқарып жүрген қызметі де талқыға түсіп жатады. Өйткені, қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмайтын қасиет қазақтың қанына сіңген.***

Жалпы, қазақта «қызды қырық үйден тыю» деген сөз бекер айтылмаған. Біздің ата-бабамыз келешек ұрпағының тазалығын қыздың тәрбиесінен бастаған.

Алайда осы мәселе қанша ұялып, бетті басып, қашып кеткіміз келгенімен бәрібір айналып алдымыздан шыға береді. Жастардың ерте бастан жыныстық қатынасқа түсуі қоғамдық қасіретке айналып бара жатыр. Дәл осы «жабық тақырыпты» жылы жауып қойғымыз келгенмен, мынау дамыған заманда жасөспірімдер интернет желісі және теледидар арқылы әр түрлі жайттардан хабардар болып отыратыны хақ. 14-15 жасар қыздарымыздың аяғы ауырлап қалып жатыр. 7-сыныптың баласы жыныстық жолмен жұғатын инфекциялардан емделіп жатыр. Тағысын тағылар... Бұл қанша жасырып жапқанмен аяғы ашылып қала беретін ақиқат. Тіпті іші үрлеген шардай болып жасөскін қыздарымыз кешкі мектепте оқып жүр. ҰБТ-ға дайындалудың орнына бала емізіп жүргендері де жетерлік. «Қызға қырық үйден тыйым, қала берді есіктегі күңнен тыйым» дейтін ата-баба дәстүрі көмескі тартқан тәрізді, бүгінде еркін өскен қыз балалар арасында ерте есейіп, балиғатқа толмай бала сүйетін жағдайлар кездесіп жататынын жасырудың қажеті жоқ сияқты...

Бойжеткен қыздың қылығы көп, сондықтан да қыз баланың тәрбиесіне ананың ерекше мән бергені жөн. Қыз анасымен сырлас болып, өзін мазалаған ішкі ойларымен әрдайым бөлісіп отырса, жамандыққа жолықпайды. Қыздың ең бірінші ұстанымы – қыз деген атқа лайық болуы. Сондай-ақ, біз баланы өте қатал тәрбиелейміз. Тәрбиелеу деген осы екен деп тым қаталдыққа салыну да бала жастан қызды жалтақтыққа алып келетінін ұмытамыз. Осыдан барып, қыз өз анасына ойындағысын айтуға жасқанады. Мысалы, алғашқы етеккір келгенін ол анасына емес, алдымен құрбысына, не жеңгесіне айтады. Сол үшін қызды кішкентайынан өзімізге әбден сендіріп, анадан артық жақын адам жоқ екенін ұғындырып өсіруіміз керек. Белгілі ақын Ақұштап Бақтыгереева «Өмірде қыз болу бар да, нағыз қазақ қызы болу мүлдем бөлек» деген пікір айтқан. Сол тәрізді ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс екенін ұмытпайық, құрметті ата-ана.

**Гүлден БАЙЖИЕНОВА**
**Қ. Сәтбаев атындағы**
**№7 мектеп-лицейінің психологы**

***Туған қаламыз өнерлі жастарға өте бай. Әсіресе қимыл әсемдігімен ерекшеленіп, ұлттық дәстүрді, салтты танытатын өнердің төресі – қазақ биі десек, артық айтқандығымыз емес. Бұл өнердің шыңына жету үшін және сол биікте қалу үшін қажыр, күш, қуат, еңбекқорлық пен үлкен ізденімпаздық, талғампаз шығармашыл көзқарас қажет. Осындай көзқарас, қабілет қазақ биінің әр өрнегін шәкірттерінің бойына сіңірген дарынды хореограф Гүлмира Жақыпқызы СМАҒҰЛОВАНЫҢ бойында тұнып тұр еді.***

# ШӘКІРТТЕРІМЕН МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ



– Өмірден тым ерте кетсе де соңына тағылымды із қалдырған, өнерпаз ұл мен қыздың жүрегінде ұлағатты ұстаз, бергені көп тәлімгер, дарынды балаларды би толқынында тербеп, осынау сиқырлы өнердің құпиясына үңілдірген биші-хореограф ретінде жазылып қалған Гүлмира Смағұлова – «Мақпал» ансамблінің 20 жылдық тарихында өзіндік із қалдырған жан. Сиқырлы би өнерінің сырына қанық көрермен Гүлмира Смағұлова десе, «Мақпал» дейді, ал «Мақпал» би ансамблі аталса, Гүлмира Смағұлованың есімін ауызға алады. Шынында, бұлар – қатар айтылатын егіз ұғым. Жыл сайын желтоқсан айында шәкірттері ұстаздарын ерекше толғаныспен еске алып отырады. Биыл да қаламыздағы өнерсүйер қауым мен шәкірттері желтоқсан айында еске алып, дұға бағыштап жатыр.

Би өнерін серік еткен өнерпаздардың сүйіктісіне айналған Гүлмира Жақыпқызы Смағұлова 1972 жылы 7 қыркүйекте Қарағанды облысы Шет ауданы Ақшатау поселкесінде дүниеге келген. Әкесі Жақып Құрманұлы Смағұлов қаламыздағы талай мемлекеттік қызметтерде істеген, шешесі – Түсіпжанова Шайза Рысбекқызы – дәрігер болған. Ақжал кеніщіндегі орта мектепті тәмамдаған соң Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы өнер институтына хореография мамандығы бойынша оқуға қабылданады. Отбасылық жағдайға байланысты аталмыш оқу орнында екі жыл ғана оқып, кейін 1990 жылы Жезқазған мәдени-ағарту училищесіне түседі. 1993 жылы училищені үздік бітіріп шыққан Гүлмираның кәсіби хореограф ретіндегі еңбек жолы 1993 жылы Металлургтер сарайы жанынан құрылған «Шашу» ансамблінен басталады. 1993-1996 жылдары осы ансамбльдің үлкен ұжымға айналып, танымал болуына зор үлесін қосады. 1997 жылы Оқушылар сарайы жанынан «Мақпал» би ансамблін құрып, көркемдік жетекшісі болады. Жоғары білім алуды мақсат еткен Гүлмира Жақыпқызы 1995 жылы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне түсіп, оны тарихшы мамандығы бойынша тәмамдап шығады.

«Мақпал» ансамблі – Гүлмира Смағұлованың шығармашылық еңбегінің жемісі. Қала, облыстық деңгейде өткен бірнеше конкурстарда жұлдызы жарқыраған «Мақпал» енді республикалық және халықаралық байқауларға қатысып, бәс тіге бастайды. Республикалық «Балбөбек», «Бозторғай», «Шабыт», Шара Жиенқұлова атындағы конкурстарда жеңімпаз атанса, Мәскеу, Ялта, Қырғызстан, Болгария, Испания, Нидерланд, Біріккен Араб Эмираты жерлерінде өткен халықаралық конкурстарда Бас жүлделерді еншілеп, қазақтың ұлттық би өнерін алыс-жақын шетелдерге паш етеді. Әсіресе, 2011 жылы күзде Голландияда әлемнің алты елі қатысқан Халықаралық фестиваль-бәйгесінде қазақ билері «Балбырауын», «Қызғалдақтар», «Үш жүз» топ жарып, екі бірдей Гран-приді жеңіп алды. Голландия елінің бес қаласында қазақтың өнерін паш етіп, сол елде Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына арналған жиында 100-ден астам мемлекет елшілерінің алдында өнер көрсетіп, еліміздің мерейін өсірді. 2012 жылы Германияда Берлин қаласында 1000-ға жуық қонақтар арасында Вице-канцлері – Сыртқы істер министрі, Бундестаг депутаттары, дипломатиялық корпус мүшелері, т.б. министрлік басшылары жиналған жиында Гүлмираның шәкірттері өнер көрсетіп, еліміздің өрісін кеңейтті. Сөйтіп аз уақыттың ішінде ансамбль халықаралық деңгейдегі ең таңдаулы балалар хореографиялық ұжымы болып танылды. Бұл айтуға оңай болғанымен, атқарылуы қиын әрі жауапты іс еді. 5-16 жас аралығындағы өнерпаз қыздардың басын құрап, одан танымал ансамбль жасау – білім мен еңбекті, көркемдік шешім кеңістігін талап ететін шаруа. Гүлмира Смағұлова осы биіктен көрінді. Ансамбльге жетекшілік еткен жылдар аралығында әлемнің 72 бин қойып, сахнаға шығарды, шығармашылық ізденісі мен тынымсыз еңбегінің арқасында «Мақпал» халықтық ансамбль атағын иеленді, беделді конкурстарда топ жарып шықты. Гүлмира Жақыпқызының арманы да осы еді. Гүлмира Жақыпқызы жаңалыққа құштар, талмай ізденетін, би өнерінің қыр-сырын меңгерген, әрбір жаңа маусымда көрермендерін жаңа жобаларымен қуанта білетін дарынды хореограф еді. Ансамбльде жүріп өткен 20 жыл – оның шығармашылық мүмкіндіктерін ашқан тарихи жол. Ол би өнерін ерекше сүйді, ал шәкірттері мен әріптестері оны осы адалдығы үшін жақсы көрді, құрметтеді.



Гүлмира Жақыпқызы жетекшілік еткен «Мақпал» үлгілі хореографиялық би ансамблі – 20 жылдық тарихында талай өнерлі қыздардың тұсауын кесіп, үлкен жолға, сапарға шығарған ұжым. Кезінде ансамбль құрамында өнер көрсеткен бишілер, әр ұлттың өкілдері, қазір ел өмірінің әр саласында қызмет етіп, еліміздің әр қиырында жүр. Тіпті елімізден тыс жерлерде еңбек етіп жатыр. Бірақ олар алыста жүрсе де жандарына жақын «Мақпалын», ұстаздары Гүлмира Смағұлованы ұмытқан емес. Бұл күнде олар бір-бірімен республикамыздың түпкір-түпкірінен, Алматы, Нұр-Сұлтан, Омбы, Томск, Норильск, Мәскеу, Нью-Йорктен хабарласып тұрады.

Кезінде өзі биші ретінде Шара Жиенқұлова атындағы республикалық конкурстың лауреаты атанған Гүлмира енді маңайындағы шәкірттерінің де жарқырап көрінгендерін қалады. Сол арман орындалды да. Шәкірттері бар Гүлмира Жақыпқызы өлген жоқ, ізбасарларымен жасай бермек: Әйгілі «Нұрсәулемай» би ансамблінің жетекшісі Меруерт Жарасбаева – «Мақпал» ансамблінің түлегі, Гүлмира Смағұлованың шәкірті. Оқушылар сарайының ұстазы-хореограф Индира Мусина – Гүлмира Смағұлованың шәкірті. Қазіргі «Шалқыма» ансамблі жетекшісі Елена Малютина – Гүлмира Смағұловамен бірлесіп «Мақпал» ансамблінің туын биіктеткен әріптесі. Шәкірттері: Самал Садықова – Шабыт өнер академиясын бітірді. Жанерке Демесінова Абай атындағы қазақ мемлекеттік университетінің хореография факультетін, Анар Молдағұлова Алматы эстрада-цирк колледжін тәмамдап, өнер жолында еңбек етуде.

Қаланың бірде-бір мәдени іс-шарасы «Мақпал» ансамблінің қатысуынсыз өткен емес. Әсіресе, «Жезқазған қалалық Қазақ тілі» қоғамының көптеген іс-шарасына Гүлмира шәкірттерін жіберіп, сахнаны нұрландырып жіберетін. Қоғамдық ұйыммен қарым-қатынасы сыйластық пен сенімге негізделген еді. (Қазір бәрі ақылы болып кетті).

Гүлмира Жақыпқызы қаламыздың қоғамдық өміріне белсене араласып, жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтар тәрбиелеуде және қазақтың ұлттық өнерін насихаттауда көрсеткен кәсіби шеберлігі үшін талай рет Білім мен ғылым министрлігінің алғыс хатымен, облыс және қала әкімдердің Құрмет грамоталарымен, дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталды.

2010 жылы облыстық, 2014 жылы қалалық «Жыл хореографы» номинациясымен, Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктерінің алғыс хаттарымен марапатталды.

– Гүлмира Жақыпқызы ансамбльдің 20 жылдық тойын асыға күткен еді. «Мерейтойымызды жақсылап өткізсек-ау», – деп армандайтын. Бірақ Гүлмира ол күнді көре алмады.. Тағдыр оған мерейтой концертін өткізуді жазбады. Ол 2016 жылы 23 желтоқсанда 44 жасында дүниеден өтті. Бірақ оның дарынды шәкірттері мен әріптестері, «мақпалдықтар» ұстаз арманын жүзеге асырды, мерейтойлық концертті 2017 жылы маусым айында өткізді және оны Гүлмира Жақыпқызының рухына арнап «Өмір-өзен» деп атады. Гүлмира Жақыпқызының аз болса да мағыналы өткен өмірін шәкірттері осы өзенге ұқсатты. Бұл іс-шараның өтуіне қала әкімшілігінен бастап қаладағы өнер сүйген қауым, әсіресе Гүлмира шәкірттерінің ата-аналары белсенді атсалысты. 20 жыл ішінде отбасылы болған түлектері ұлттық киімдерін дайындап, қайтадан сахнаға шықты, аяулы ұстаздарының рухына тағзым етті. Хореограф Индира Әділгерейқызының аяулы ұстазына арнап әзірлеген «Өмір-өзен» биі көрермен қауымды жылатты. Шәкірттері отбасына да көмектерін аяған жоқ. Бейітінің басына тас орнатып, аяулы ұстаздарына арнау жазды.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Саналы ғұмырын өнер жолына бағыштаған, сөйтіп шәкірттерінің асыл тұлғасына айналған Гүлмира Жақыпқызы Смағұлова өнер сүйген қауымның және шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

**Жезқазған қалалық**
**«Қазақ тілі» қоғамы.**
**Гүлмира Жақыпқызы**
**Смағұлованың шәкірттері.**

## АРНАУЛЫ УАҚЫТША ШОТ АШУ және САЙЛАУ ҚОРЫНЫҢ ҚАРАЖАТЫН ЖҰМСАУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ 23-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАУ КЕЗІНДЕ САЙЛАУ ҚОРЛАРЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТҮСУІ және ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

*2020 жылғы 20 желтоқсандағы жағдай бойынша*

| № | Іс-шаралардың атауы | Саяси партиялардың атаулары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігі | «NUR OTAN» партиясы» қоғамдық бірлестігі | «ADAL» саяси партиясы» қоғамдық бірлестігі | «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы» қоғамдық бірлестігі | «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі |
| 1 | Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде: | | 19 695 050,00 | | | 73 000,00 |
| 1.1 | «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес саяси партияның өз қаражаты | | 11 000 000,00 | | | 73 000,00 |
| 1.2 | «Қазақстан Республ^икасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары | | 8 695 050,00 | | | |
| 2 | Сайлау қорының саяси партиялар жұмсаған қаражатының барлығы, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт жұмысын ұйымдастыру бойынша заңды және жеке тұлғаларға ақы төлеуге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға, кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге, баспа материалдарын, сондай-ақ сайлау науқаны үшін басқа да белгілер мен нышандарды дайындауға | | 6 416 680,00 | | | 73 000,00 |

Жезқазған қаласы аумақтық сайлау комиссиясы
*«Қазақстан Халық Банкі» Акционерлік қоғамының деректері негізінде*

Имандылық ірімдері

# МҰСЫЛМАНДАРДЫҢ ӨЗГЕ ДІН ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

***Исламда өзге дін өкілдерімен жасалатын қарым-қатынастың қағидаттары шариғаттың негізгі қайнар көздері – Құран мен сүннетте бекітілген. Дәстүрлі дініміз кез келген дін өкіліне құрметпен қарауды, адамдарды нәсіліне, ұлтына, дініне байланысты бөлмеуді насихаттайды.***



Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, VII ғасырдан бастап Ислам діні өзінің географиялық орналасу аймағына сәйкес, сол елді-мекен аумағында қоныстанған көрші иудейлермен, христиандармен, отқа табынушылармен және басқа да діни сенімдегі адамдармен бейбіт қарым-қатынас орнатқан.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) исламды қабылдаған мұсылмандармен бірге 622 жылы Мекке қаласынан Мәдина қаласына хижрет жасаған, яғни қоныс аударған болатын. Мәдина қаласына қоныстанған соң Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қаладағы өзге дін өкілдерімен «Мәдина» келісімшартын жасады.

Сонау VII ғасырда жасалған бұл келісімшарт – исламдағы төзімділік пен бейбітшілікті, исламның адам құқығына деген құрметі мен диалог мәдениетін, өзге дін өкілдеріне көзқарасын, сондай-ақ сенім бостандығы мен ар-ождан еркіндігін қамтыған алғашқы қағидаттар жинақталған құжат.

Өз заманында Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзге дін өкілдеріне мейірімділікпен, қамқорлықпен қарай отырып, олардың құқығын мұсылмандардың құқығымен тең дәрежеде ұстады. Ғибадатханаларын қиратпауды, діндарларды өлтірмеуді, оларға қол жұмсамауды, алым-салық алмауды, мал-мүлкіне қол сұқпауды өсиет еткен.

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) тәлімін алған ізбасарлары да мұсылмандардың қоластына кірген елдерде осы ұстаныммен билік жүргізді. Сонымен қатар, «Кім адамды (мұсылмандармен бірге өмір сүретін өзге дін адамын) өлтірсе, ол жәннаттың исін де иіскемейді. Әрине, жәннат исі жетпіс жылдық қашықтықтан келіп тұрады» деп ескерткен. Осы хадиске назар аударсақ, дінімізде өзге дін өкілдеріне үлкен құрмет көрсететінін анық көруге болады.

Ислам кез келген дін өкіліне құрметпен қарайды. Ешкімді дініне, ұлтына, нәсіліне және жынысына немесе материалдық жағдайына қарап бөлмейді. Адамға рухани құндылығы тұрғысынан баға береді.

Жалпы ислам діні көркем мінез-құлықтан тұрады. Көркем мінездің де түрі өте көп. Олардың қатарына кешірімділік, жомарттылық, шыншылдық, аманатқа беріктік, қарапайымдылық, сыпайылық, сабырлылық, ұяттылық жатады. Күнделікті өмірде адамдардың арасында кездесетін барлық қарым-қатынас, іс-қимыл, әрекет, сауда-саттық кезінде жақсылық жасаудың кез келген жолы, тіпті адамға жылы шыраймен қараудың өзі көркем мінез саналады.

Өзінің шыншылдығымен, әділдігімен қара қылды қақ жарған тұлға Хаттабтың ұлы Омардың оқиғаларын мысалға келтіре кетсек:

Ислам діні жан-жаққа тарап, аумағы кеңейіп, көптеген жерлер ислам дінінің билігіне қараған болатын. Сол жылдары өзге ұлттар мен өзге дінді ұстанушылардың ешбіріне мұсылмандар тарапынан қысым жасалмай, тұрғындар еркін өмір сүрген еді.

Ислам діні христиандар көбірек шоғырланған Палестина аймағына да жетіп, сол жерде тарағаннан кейін, екінші халифа Омар 637 жылы оның тұрғындарымен бейбіт қарым-қатынасты сақтау мақсатында былайша келісім шарт жасайды:

«Бұл Алланың құлы, мұсылмандардың әміршісі Хаттабұлы Омардың Илиа халқына берген қауіпсіздік қағазы: «Олардың жандарына, малдарына, шіркеулеріне, крестеріне, дені саулары мен сырқаттарына және қалған ұлтына амандық берілді. Шіркеулерін ешкім тұрғын үйге айналдырмайды, оларды ешкім бұзбайды, олардың ішкі және сыртқы қор мүліктерінен еш нәрсе кемітілмейді, олардың малдарына ешкім қол сұқпайды. Мұндағылардың дініне зорлық жасалмайды», – деп Палестина халқының қауіпсіздігіне кепілдік берген болатын.

Сондай-ақ, бірде Омар халифа кезінде көшеден қайыр сұрап отырған кәрі кісіні көреді де, оған жақындап: «Сен қай дін иесісің?» – деп сұрайды. Сонда әлгі ақсақал: «Мен яһудимін», – деп жауап береді, сол кезде халифа Омар одан не себепті осылай отырғандығын сұрайды. «Себебі мен мұқтажбын, жұмысқа жарамайтын кәрі адаммын ғой», – деп жауап береді.

Сол кезде Омар оны мемлекет қазынасынан қажетін өтейтіндей керегін береді де, оның мойынынан өзге дін өкілдері мұсылман елінде тұрғаны үшін беретін салықты алып тастайды. Міне, бұл әділдіктің ең шыңы!

Қазіргі уақытта басым бөлігін мұсылмандар қамтитын елдердегі христиан дін өкілдері ешбір қысым көрместен, мұсылмандармен бейбіт қарым-қатынаста араласып, ымыраластықта өмір сүруде. Жоғарыда келтірілген оқиғалар шынайы ислам діні өзге дін өкілдерімен қандай дәрежеде жақын болғандығын көрсетеді.

Ал өзін мұсылманмын деп есептейтін адамды бес уақыт намаз оқымағаны үшін ғана кәпір деп айыптап, мал-мүлкін өзіне адал қылған жат діни ағым ұстанушыларының әрекеті ислам дінімен еш байланыспайды. Адами құндылықтары жоғалған және өздерін ғана ақиқатты ұстанушылар ретінде есептейтін олар нағыз исламның өзге дін өкілі болса да адам өміріне құрметпен қарайтынын білмесі анық.

Сол себепті бір шаңырақ астында бейбітшілікте өмір сүру адамға берген ең үлкен құндылық деп қабылдау керек.

**Баян АЯПОВА,**
**Алматы қаласы дін істері жөніндегі басқармасының жанындағы «Кеңес беру және оңалту» орталығының маманы**

# САЛТ-ДӘСТҮР ШАРИҒАТТА ДӘЛЕЛ БОЛА АЛА МА?

***Ислам шариғатының негізгі қайнар көздері – Құран Кәрім, Сүннет, ижмағ және қияс. Ислам ғұламалары бұларды бір ауыздан шариғаттың дереккөздері ретінде қабыл еткен.***

Бұлардан бөлек ғалымдардың кейбіреулері келіспейтін бірқатар дереккөздер де бар. Олар – мәсілихал-мурсала, ихсан, әдет-ғұрып және алдыңғыларының шариғаты сияқты дереккөздер.

Ислам пайда болған күннен бастап фиқһ және фиқһ әдістерінде әдет-ғұрыптың маңызы өте зор. Ғалымдардың әдет-ғұрыпқа қатысты пікірлері әрі қызығушылығы шариғатта дәлел болатыны және бұл оның позициясы тұрғысынан да маңызды. Ескерілуі қажет болған әдет-ғұрыптың ең маңызды ерекшелігі, ислам заңдарының беделін және жарамдылығын қамтамасыз етуінде. Осы себептен де, әдет-ғұрып ислам шариғатында бір дәлел ретінде қабыл етілген.

Осыдан кейін әртүрлі мәзһабта көптеген фиқһ мәселелері талқыланып, ғұрыпқа қатысты бірнеше фиқһ ережелерін шығарған. Мұжтәһидтер мен фиқһшылардың мәзһабтарын қарастырған кезде әдет-ғұрыпты ұстанғанын және көптеген мәселелерде жергілікті әдет-ғұрыпқа қатысты үкім бергенін байқаймыз.

Ислам, адамдардың мүдделерін қамтамасыз ететін және шариғаттың кез келген ережелеріне қайшы келмейтін, адамдарға пайдасын тигізу үшін жергілікті әдет-ғұрыпқа сүйене отырып үкім шығарудың маңыздылығын көзден тыс қалдырмаған. Сондай-ақ, әдет-ғұрып жергілікті исламды ұстанушыларға қиындықтар мен ауыртпашылықтың алдын алады. Өйткені қиындықтар мен ауыртпашылықтар халықтың дәстүрлеріне сәйкес келмесе, шариғаттың мақсаттарына да қайшы келеді.

Алайда барлық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер бірыңғай формада емес, олар жақсы және жаман болып бөлінеді. Фиқһ яғни шариғаттың ережелерінен дәлел ретінде саналған жақсы әдет-ғұрып – исламның негізгі мақсаттарын орындауға септігін тигізген салт-дәстүрлер. Ал жаман, әрі теріс мәнді әдет-ғұрыптар үкім шығаруға әсер етпейді, керісінше кей жағдайларда бұндай әдет-ғұрыптарға тыйым салады. Міне, осы себептен де жат немесе қоғамға кері әсерін тигізетін әдет-ғұрыптарды исламмен байланыстыруға және оны дәріптеуге тыйым салынады.

Қоғамға пайдалы және әдептілікке тәрбиелейтін дәстүрді фиқһ ұстаздары және муфти тарапынан белгіленіп, дін қызметкерлерінің насихаттауы құп көрінген. Сонымен қатар, ғұламалар дәстүрдің Алла тарапынан жіберілмегенін және шариғатта жазылмағанына назар аударған. Өйткені Алла тарапынан білдірілген және шариғатта болған нәрсе дәстүр болып саналмайды.

Шариғаттың дәстүрге және салт-жоралғыға сай болуы, мұсылмандар үшін жеңілдету және Алланың рахметіне негізделген. Бұған қоса алғанда, шариғат үкімінің негізі тек жаратушы Аллаға ғана тиесілі және Жаратушыға жасалатын ғибадат үкімін дәстүрмен белгілеу немесе шешім шығару дұрыс емес.

Алла Тағала әдет-ғұрыпты енгізуге және ол туралы ережелер жасауға рұқсат берген болса, әдет-ғұрыптың өзі емес, Алла тарапынан берілген рұқсат болып, дәстүрдің қайнар көзі шариғатқа негізделеді. Осы себептен де, адамдардың әдеттері мен дәстүрлері шариғаттың кейбір ережелеріне сәйкес келмеген жағдайда ол жарамсыз.

Әдет-ғұрыптың маңыздылығы, адамның өзін-өзі тануында, ақыл-ойға әсер етуде және қоғамның бірігуінде үлкен рөл атқарады. Егер әдет-ғұрып адамның жаны мен санасында орнығатын болса, өмір сүру қажеттілігі ретінде қабылданады. Психологтар айтқандай, бір тапсырманы қайталау, оны үнемі қолдану әдет-ғұрыпқа негізделген болса, жүйке, жан, ақыл және басқа да органдар бұл жұмысқа дағдыланады.

Ислам ғұламалары әдет-ғұрыптың себебін, өзектілігін, нақыл сөздердің шексіздігін негізге ала отырып, сөз және іс-қимыл (амал) деп екіге бөліп қарастырған. Амалға жататын әдет-ғұрыптар, үкім немесе пәтуалар шығаруға және келісімшарттардың өкілеттіктерін шектеуге құқылы.

Сонымен бірге, амалға жататын әдет-ғұрыптар жекелеген және қоғамдық болып екіге бөлінеді. Ал, шариғат ережелері мен мәтіндеріне сәйкес болуы тұрғысынан қуатты және әлсіз болып тағы да екіге бөлінеді.

Сондай-ақ, әдет-ғұрып, Құран, сүннет немесе ижма сияқты тәуелсіз дәлел емес, шариғат ережесінің көрінісі ретінде қарастырылған. Ғұламалар арасында әдет-ғұрыпты негізге алу үшін бірқатар шарттар мен талаптар енгізген. Олар: Қоғам тарапынан қабыл етілген және кең таралған, іс-әрекеттер мен мәмілелер жасалған кезде ұстанған және заңдарды бұзбау сияқты шарттарға сәйкес келуі керек.



Әдет-ғұрыптың маңыздылығы туралы айтатын болсақ, ғалымдар әдет-ғұрыпқа байланысты үкімдік тұрғысынан бірнеше талдаулар жасаған. Олардың бір бөлігін дүйім жұрт білетін және қанша уақыт өтсе де үкімі ауыспаған үкімдер деп қарастырған. Бұған қоса алғанда, шариғат мәтіндерінде кездеспейтін мағынасы да қайшы келмейтін амалдарды мақұл көрген.

Алайда, бұл мәселеде әдет-ғұрыптың түрі, критерийлер және географиялық аймақ сияқты кейбір проблемаларды тудырды. Осы себептен ислам фиқһ ғалымдары жалпыға бірдей бөлінбейтін әдет-ғұрыптардың түрін және ескерілетін шарттарды анықтады. Осылайша, жергілікті тұрғындардың дәстүрлерін, исламның шариғат мәтіндерімен салыстыруға болмайтынын қорытындылайды.

Сонымен қатар, Ислам ғұламалары әдет-ғұрыптың жалпы мұсылмандарға бірдей қандай түрін мақұлдайтыны туралы нақты бір тоқтамға келмеген. Алла тарапынан Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) уаһи келе бастап және Пайғамбарымыздың тыйым салмаған әдет-ғұрпын ғана бірауыздан мақұлдаған.

Сонымен қатар, ислам діні көптеген географиялық аймақтарға жетуімен, сол жердің тұрғындарының әдет-ғұрыптары шариғаттың мақсаты мен міндетіне қайшы болмағаны жайында жергілікті ислам ғұламаларының мәлімдемесімен өз жалғасын табады.

Бұған қоса алғанда, Ханафи және Мәлики мәзһабының ғұламаларының пікірінше, жалпыға ортақ әдеп болған жағдайда шариғаттың кейбір үкімдерінің орнын баса алады. Сонымен қатар, сөздегі әдет пен амалдағы әдеттің айырмашылығына тоқталған.

Әдет-ғұрыптың жергілікті халықтың барлығына тең дәрежеде қолданылуы ислам құқығы үшін өте маңызды. Әдет қоғамдық бір үкімге қайшы келер болса, жалпы және жалқы (кулли және жузи) болуына қараймыз. Қайшылық жалпыға ортақ болғанда, әдет-ғұрыппен амал ету, шариғатты шектейтіні үшін бұндай әдет ғұрыппен амал етуге рұқсат етілмеген.

Алайда, қайшылық жекелеген адамдарға қатысты болса, әдет-ғұрыптың үкімі түріне қарай ауысады. Сөздегі және амалдағы ғұрып шариғат келген уақытта болды ма, болмады ма, соған қарай үкім беріледі. Шариғаттың бір үкімі жалпыға ортақ бір дәстүрге қайшы келгенде, фиқһта бұл жайында бірнеше тәсіл қолданған.

Анасы баласын емізбеуі бұған бір мысал ретінде көрсетуге болады. Аналар балаларын емізуі керек екені жайында Құран Кәрімде жалқыға айтылған бір үкім. Бұның себебі, исламнан алдыңғы арабтар және ислам келгеннен кейін де арабтар балаларын сүт анасына беруі деп айта аламыз.

**Исатай БЕРДАЛИЕВ,**
**Ислам құқық ғылымдарының докторанты**

## 2021 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

***Жезқазған қаласының уақыты бойынша***

| Қаңтар | Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Жұма** | **07:44** | **09:15** | **13:36** | **16:06** | **17:51** | **19:22** |
| 2 | Сенбі | 07:44 | 09:15 | 13:36 | 16:07 | 17:52 | 19:23 |
| 3 | Жексенбі | 07:44 | 09:15 | 13:37 | 16:08 | 17:53 | 19:24 |
| 4 | Дүйсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:37 | 16:09 | 17:54 | 19:25 |
| 5 | Сейсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:38 | 16:10 | 17:55 | 19:25 |
| 6 | Сәрсенбі | 07:44 | 09:15 | 13:38 | 16:11 | 17:56 | 19:26 |
| 7 | Бейсенбі | 07:44 | 09:14 | 13:38 | 16:12 | 17:57 | 19:27 |
| **8** | **Жұма** | **07:44** | **09:14** | **13:39** | **16:13** | **17:58** | **19:28** |
| 9 | Сенбі | 07:43 | 09:14 | 13:39 | 16:15 | 18:00 | 19:30 |
| 10 | Жексенбі | 07:43 | 09:13 | 13:40 | 16:16 | 18:01 | 19:31 |
| 11 | Дүйсенбі | 07:43 | 09:13 | 13:40 | 16:17 | 18:02 | 19:32 |
| 12 | Сейсенбі | 07:43 | 09:12 | 13:41 | 16:18 | 18:03 | 19:33 |
| 13 | Сәрсенбі | 07:42 | 09:12 | 13:41 | 16:20 | 18:05 | 19:34 |
| 14 | Бейсенбі | 07:42 | 09:11 | 13:41 | 16:21 | 18:06 | 19:35 |
| **15** | **Жұма** | **07:41** | **09:10** | **13:42** | **16:22** | **18:07** | **19:36** |
| 16 | Сенбі | 07:41 | 09:10 | 13:42 | 16:24 | 18:09 | 19:37 |
| 17 | Жексенбі | 07:40 | 09:09 | 13:42 | 16:25 | 18:10 | 19:39 |
| 18 | Дүйсенбі | 07:40 | 09:08 | 13:43 | 16:26 | 18:12 | 19:40 |
| 19 | Сейсенбі | 07:39 | 09:07 | 13:43 | 16:28 | 18:13 | 19:41 |
| 20 | Сәрсенбі | 07:39 | 09:07 | 13:43 | 16:29 | 18:14 | 19:42 |
| 21 | Бейсенбі | 07:38 | 09:06 | 13:44 | 16:31 | 18:16 | 19:44 |
| **22** | **Жұма** | **07:37** | **09:05** | **13:44** | **16:32** | **18:17** | **19:45** |
| 23 | Сенбі | 07:36 | 09:04 | 13:44 | 16:33 | 18:19 | 19:46 |
| 24 | Жексенбі | 07:36 | 09:03 | 13:44 | 16:35 | 18:20 | 19:47 |
| 25 | Дүйсенбі | 07:35 | 09:02 | 13:45 | 16:36 | 18:22 | 19:49 |
| 26 | Сейсенбі | 07:34 | 09:01 | 13:45 | 16:38 | 18:23 | 19:50 |
| 27 | Сәрсенбі | 07:33 | 09:00 | 13:45 | 16:39 | 18:25 | 19:51 |
| 28 | Бейсенбі | 07:32 | 08:58 | 13:45 | 16:41 | 18:27 | 19:53 |
| **29** | **Жұма** | **07:31** | **08:57** | **13:45** | **16:42** | **18:28** | **19:54** |
| 30 | Сенбі | 07:30 | 08:56 | 13:45 | 16:44 | 18:30 | 19:55 |
| 31 | Жексенбі | 07:29 | 08:55 | 13:46 | 16:45 | 18:31 | 19:57 |

***Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***

СҰРАҚ-ЖАУАП

## Діни ағымдар әлеуметтік желілерді қалай пайдаланады?

– ***Радикалды діни ағымдардың әлеуметтік желілердегі қаупі туралы айтып берсеңіз.***

– Бүгінгі күні бүкіл әлем бойынша ақпараттар алмасу мүмкіндігі әлеуметтік желілер жүйесінде өте кең таралуда. Адамдар оны қолдану арқылы өте алыс қашықтықты бағындырып, басқа елдер мен құрлықтармен еркін байланыс құрып отыр.

Алайда, ғаламтордың осындай жетістігі мен қолжетімділігін дәстүрлі емес діни ағымдар да өз пайдаларына қолдануда. Экстремистік және террористік ұйымдардың халыққа ақпарат арқылы әсер етуді кеңінен қолдануы олардың қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Ең алдымен экстремистік және террористік ұйымдар ғаламторды желі қолданушылардың әлі қалыптасып үлгермеген санасына ықпал ету үшін қолданады. Яғни, олардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы мен дүниеге деген көзқарасы толық қалыптаспаған топтар болып табылады.

Діни сауаты таяз адамдардың діни ақпаратты ғаламтордан іздейтіндігі белгілі. Ал, мұндай адамның ақпарат тарату мәселесінде өте белсенді жұмыс жүргізетін радикалды ұйымдардың қармағына ілінуі әбден мүмкін.

Теріс пиғылды ағымдардың кейбір сайттары халықты экстремистік немесе террористік әрекеттерге шақыруды насихаттамауы мүмкін. Олар исламға арналған ақпараттық портал ретінде жұмыс жүргізеді. Алайда, олар шын мәнінде халықтың дәстүрлі діни ұстанымдарын ыдыратып, мұсылмандар арасына жік салып, дінді іштей бөлшектеуді көздеуі мүмкін.

Мысалы, оларда парыздарды (намаз, ораза) орындамағандар кәпірге баланып, дәстүрлі ханафи мәзһабына қайшы ақпараттар беріледі. Ал, діни сауаты жеткіліксіз ізденуші мұндай сайттардағы дін тақырыбындағы барлық мәліметтер мен деректерді сол қалпында қабылдап, санасына сіңіреді.

Экстремистік және террористік ұйымдар жеке веб-сайттарын құрумен қатар порталдардағы, әлеуметтік желілердегі форумдарда да жұмыс жүргізеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер бүкіләлемдік ғаламтордағы ең танымал қызмет түрі болып отыр, статистика бойынша әлеуметтік желілерді ғаламтор қолданушыларының 90%-ы қолданады.

Деректерге сүйенетін болсақ, тіркелген қолданушыларының саны бойынша алғашқы ондыққа кiретiндер: Facebook (1,4 млрд.), Youtube (1 млрд), Google (500 млн-астам), Twitter (500 млн-нан астам), ВKontakte (230 мл.-нан астам), Одноклассники (205 млн-нан астам) және т.б. әлеуметтік қызметтер. Осы әлеуметтік желілер арқылы мұндай ұйымдар танымал хэштегтерді (#) алып, оның мазмұнына өз материалдарын көптеп орналастырады.

Діни радикализм мен экстремизм идеологиясы қоғам санасына ғаламтор кеңістігі мен заманауи электрондық бағдарламалық қосымшалар, жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы ақпараттық-психологиялық әсер ету арқылы енуде. Соның салдарынан азаматтардың отансүйгіштік сезімі мен төзімділік принциптері, құндылықтық бағыттары мен этикалық нормалары өзгеріске ұшырап, отбасына іріткі салу, қоғамның жікке бөлінуі қаупі туындауда.

Радикалды экстремистік идеологиялардың ықпалындағы діни ағым өкілдері қоғам мен мемлекетке қарсы зорлық-зомбылық актілерін ұйымдастыру мен ұшқары әрекеттерді жүзеге асыруға дайын болатыны белгілі. Оған әлемнің әр жерінде орын алып отырған радикалды діни ағымдар өкілдерінің қылмыстық іске баруы және лаңкестік әрекеттері дәлел.

Қоғамда радикалды діни идеялар туралы жүйелі және жоспарлы түрде ақпарат тарату террористер мен экстремистер өз қатарларына жаңа мүше тарту мақсатына бағытталған. Бұл әрекеттер әсіресе жастарға бағытталғаны да жасырын емес.

Діни тақырыптар бойынша ғаламтордың отандық сегментіндегі қауымдастықтарының саны мен ерекшелігі туралы айтатын болсақ, «Вконтакте» және «Facebook» секілді әлеуметтік желілердегі ең белсенді қоғамдастықтар шамамен 70%-ы дәстүрлі емес ислам идеологиясына қатысты екен. YouTube, Facebook, Instagram, Вконтакте, Twitter, Telegram сияқты әлеуметтік желілердің пайдаланушылардың арасында да әлеуметтік желілер мен медиа порталдар арқылы мемлекеттік жүйені құлатуға тікелей және жасырын шақыру, қолданыстағы заңдарды, зайырлы этика мен мораль нормаларын мойындамау фактілері де кездеседі.

Сондықтан діни мәліметті, қажетті пәтуәні іздеген әрбір азамат шетелдік ғаламтор сайттарын пайдаланбай, өз еліміздегі kazislam.kz, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты muftyat.kz және онымен серіктес fatua.kz, azan.kz, muslim.kz, ummet.kz және т.б. секілді еліміздегі сенімді сайттарға жүгінгені жөн.

## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТІЛЕК

**Төлеген БУКІРОВ, Қарағанды облысының Құрметті азаматы**



Кез келген адам жаңа жылдан жаңашылдық, өзгешелік күтетіні рас. 2020 жыл тосын жағдайларға толы болды. Адамдардың қалыпты тіршілігінен қол үзіп, оқшаулануына тура келді. Денсаулықтың қадірін ұғынып, басты байлығымызға бей-жай қарамауды үйрендік. Көзді ашып-жұмғанша тышқан жылы да зуылдап өте шығыпты. Осыдан шамалы уақыт бұрын ғана алаңсыз жыл басын қарсы алып жатқан сияқты едік. Зымыраған дүние-ай десеңші?! «Айхауына» салып әндетіп, маңғаз басып сиыр жылы да жетіпті. Қай кезде де жақсылықтан күдер үзбеген халықпыз ғой. Осы уақытқа дейінгі бастан өткен барлық бәле-жәле ескі жылдың еншісінде қалып, жаңа жылмен бірге төрімізге алаңсыз өмір, мол байлық, – бақыт пен бақ жайғасады деген үмітпен барша қазақ елін Жаңа 2021 жылмен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деген тілегім бар!

**Сара ӘБДІКЕРОВА, №8 гимназияның директоры**



Жаңа жыл – шадыман шаттықтың мейрамы. Мен әр жыл сайын осы күнді қуанышпен күтетін бардырғандар мен оқушыларды көріп, оларға қызыға көз тастаймын. Алаңсыз періште болмыс бала көңіл Аяз атамен жүздесуге асығады. Ән-жырын дайындап, кіршіксіз тілегін ақтарады. Міне, нағыз бақыт деген осы емес пе?! Расында, әрбір адам үшін ғажайыпқа сенген қайта оралмас балалық шағы – ең бақытты сәттері екен-ау.

2020 жыл ұстаздар қауымы үшін нағыз еңбекке, ізденіске толы жыл болғаны анық. Қауіпті індетті ауыздықтамақ ниетте барлық білім ошақтары қашықтан білім алуға көшті. Бұл бірінші кезекте оқушылар үшін қиындық тудырды. Дегенмен, білім саласында тосырқауға, босаңсуға жол жоқ. «Қалауын тапса, қар жанады» дегендей, ұстаздар қауымы ақпараттық-технологиялық құзіреттіліктерін ұтымды пайдаланып, балаларды білім нәрімен сусындата білді.

2021 жыл білім саласы қызметкерлері үшін жақсы жаңалықтармен басталмақ. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев келер жылдың басынан бастап мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға өсетінін жеткізді. Одан бөлек педагогтерге түрлі жеңілдіктер қарастырылып, тиімді бағдарламалар да әзірленуде. Бұл – Мемлекет басшысының ұстаздарға артқан сенімінің бір белгісі. Аталған істер өз істерін шексіз сүйетін ұстаздар қауымына қанат бітіріп, алға жетелейді.

Қадірменді қазақ елі, ардагер ұстаздар, 2021 жыл еліміздің тарихында алтын әріптермен жазылатын құтты жыл болғай. Баршаңыздың басыңызға амандық, зор денсаулық, қайтпас қажыр-қайрат тіледім.

**Арман КЕНЖЕБЕК, гуманитарлық ғылымдар магистрі.**



Баршаға жан шуағы мен жайдары көңіл-күй сыйлайтын бұл мереке өткенімізді саралап, ертеңімізді бағамдайтын керемет сәт. Өкінішке қарай өтіп бара жатқан жылдың еліміз үшін ғана емес, әлем үшін де ауыртпалығы мен қиыншылығы қатты білінді. «Әр нәрсенің қайыры бар» дейтін халқымыз бұл кезеңде де ауызбіршілік пен татулықтың тамаша үлгісін танытты. Енді тағы бір жылды тәмамдап, ертеңгі күнге ерекше үмітпен қараймыз.

Келер жыл ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толуымен ерекшеленеді. Бұл әсіресе біз – тәуелсіздік жылдарында туған жаңа заман жастары үшін аса маңызды меже. Себебі аға буынның еңбегімен тұғырына қойылған Тәуелсіздікті туын жықпай, ендігі болашаққа жеткізу жас буынның еншісінде екенін сезінеміз.

Жезқазғандықтардың ынтымағы мен бірлігінің және еңбекке деген құштарлығының арқасында өңіріміздің дәулеті мен сәулеті артып, Жезқазғанымыз жылдан-жылға жақсаруда. Жаңа жыл еліміз үшін берекелі болып, барша шаңыраққа шуақты шаттық әкелсін!

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*Құрметті*
*Асқар Сауқымбекұлы*
*ҚОҢЫРАТБАЕВ!*



Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Өзіңізге және отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Ұл-қыздарыңыздың қызығын көріп, 100 жасқа жетіңіз!

**Тілек білдіруші: Тұрсынбай-Ғайша, Жанат, Бибінұр, Берік-Бибінұр, Диас.**

# ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕУЛІ

***Ұстаздық атты ұлы жолды таңдаған еліне елеулі асыл азаматтардың бірі – Асқар Қоңыратбаев. Өз мамандығын жаңылыспай тауып, шәкірт санасына білім нәрін құйған оның өмір жолы көпке үлгі. Асқар мырзамен жүздескен жан, ең алдымен, оның байыпты да байсалды алтын мінезіне тәнті болары сөзсіз. Ол әр ісіне баса назар аударып, өзіне жүктелген міндетке бар ықылас-зейінімен кіріседі. Ерік-жігері мен сабыр, қайраты да көпке үлгі. Ол анау – үлкен, мынау – кіші демей барлығына теңдей қарайды. Жастарға жанашыр. Бар білгенін, көңілге түйгенін ізінен ерген ұл-қыздарымен бөлісуден аянып қалған емес. Ол Сарыарқаның сары даласындай дархан, бауырмал һәм кішіпейіл. Сонысымен де елі оны жақсы көреді, құрмет тұтады.***

Асқар Сауқымбекұлы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің бір емес, екі дипломының иесі. Біріншісі – жер-жаһандағы барша тіршілік атаулысын танитын география пәні, екіншісі – тән саулығының кепілі болған – денешынықтыру. Осынау екі пәнді қос қанатындай етіп, өмірінің тұсбағдарына айналдырған Асқар Қоңыратбаев 1983 жылдан бері Теректі стансасындағы № 6 Теректі орта мектебінде білім беріп келеді. Қырық жылға таяу уақытта оның алдынан қаншама шәкірт түлеп ұшты. Олардың да бүгінде жарқын жүзді мұғалімдері Асқар Қоңыратбаевқа айтар алғыстары шексіз.



2021 жылдың 1 қаңтарында Асқар Сауқымбекұлы тал түстік кезеңіне аяқ басқалы отыр. 60-ты алқымдағалы отырған оның әлі де болса жұмысы жүйелі, әр ісі тиянақты, қимылы шапшаң. Бүгінде ақылман атаға айналған ол жан жары Алтыншашпен бірге үш бала тәрбиелеп, олардан немере сүйіп отыр. Бірер жылдан соң зейнет жасына желкенін қадағалы отырған ардақты ұстаз, Сарыарқаның сабаз ұлына біз де зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ПИРОТЕХНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Жаңа жыл қарсаңында дүкендер мен сауда базарларының сөрелері пиротехникалық бұйымдардың үлкен ассортиментімен көмкерілген. Пиротехникалық бұйымдар қазір елімізде танымал. Негізінен пиротехника – маусымдық тауар. Қазіргі уақытта сатып алушыларға тұрмыстық мақсаттағы пиротехникалық бұйымдар ұсынылды, оларды пайдалану кезінде арнайы білім мен дағды талап етілмейді. Дегенмен, пиротехниканы әдеттегі дүкеннен немесе базардан сатып ала отырып, қырағы болу керек. Бұйымның қаптамасына ерекше назар аудару қажет. Ол зақымданбаған болуы керек. Бұдан басқа, бұйымға мемлекеттік және орыс тілдерінде қолдану жөніндегі нұсқаулық қоса берілуі тиіс. Қаптамада міндетті түрде ұпайлар саны, әсері және калибрі туралы ақпарат болуы тиіс. Бұйымның ақаулары, жаншылған, дымқылданған, сұр немесе қара түсті ұшуы бар болса қауіпті болуы мүмкін (кенеттен жануы мүмкін). Пиротехникалық құралдарды қаптамадан тыс сақтауға және қалтаға салып жүруге болмайды.

Үйде тек хлопушкалар мен бенгаль оттарын қолдануға болады. Барлық қалған пиротехниканы тек далада және ашық кеңістікте қолдану керек. Кез келген пиротехника – бұл шағын жарылыс және оны өз үйінде пайдалану ақымақтық. Пиротехниканы қолдануға тек нұсқаулыққа сәйкес рұқсат етіледі. Егер пиротехника іске қосылмаған болса, оған 10 минут ішінде жақындаудың қажеті жоқ және оны қолға алуға болмайды. Ол кенеттен жұмыс істей алады, ал бұл қайғылы салдарларға әкелуі мүмкін.

Пиротехникалық бұйымдарды ғимараттар мен құрылыстардан 50 м жақын және қатты жел кезінде пайдалануға жол берілмейді.

Мерекелік іс-шаралар өткізілетін нысандардың басшылары ғимараттар мен үй-жайларда пиротехникалық бұйымдарды қолданбауын қатаң қадағалаулары тиіс. Көрсетілген бұйымдарды пайдалануды оларды пайдалану жөніндегі қоса берілген нұсқаулықтарға қатаң сәйкестікте ғана жүзеге асыру қажет.

Ата-аналардың назарына, балалардың пиротехникалық бұйымдарды өз бетінше пайдалануына жол бермеңіз.

Жезқазған қаласының төтенше жағдайлар басқармасы қала тұрғындарына пиротехникалық бұйымдарды сатуға лицензиясы бар мамандандырылған дүкендерден сатып алуға және аталған сапасы күмәнді өнімдерді пайдаланбауға ұсыныс жасайды.

Пиротехникалық бұйымдарды пайдалану кезіндегі қарапайым қауіпсіздік талаптарын орындамау жарақаттарға немесе мүліктің бүлінуіне әкеп соғуы мүмкін.

Сақ болыңыздар! Барлықтарынызға қауіпсіз Жаңа жыл тілейміз.

Өрт болған жағдайда дереу 101 немесе 112 телефоны бойынша өртке қарсы қызметке хабарлау қажет!

**Әлібек ӘБІЛОВ,**
***Жезқазған қаласы ӨМББ инженері***
**азаматтық қорғау капитаны**

# ҚОЗҒАЛЫС КЕСТЕСІ ӨЗГЕРДІ

***2020 жылдың 13 желтоқсанынан бастап Жезқазған қаласынан шығатын пойыздардың кестесі өзгерді.***

Енді Жезқазған-Нұрсұлтан бағытындағы №107 пойыз күн сайын Жезқазғаннан 20:41 сағатта шығады. Астанаға келу уақыты – 11:41 сағат. Нұрсұлтан – Жезқазған бағытындағы №108 пойыз күнде Нұрсұлтаннан сағат 16:15-те шығып, Жезқазғанға 07:17 сағатта келеді. Қызылорда – Жезқазған – Павлодар бағытындағы №117 пойызы Жезқазғанға сағат 15:30-да келіп, 35 минут аялдайды. Жүру уақыты – сағат 16:05. №118 Павлодар – Жезқазған – Қызылорда пойызы Жезқазған қаласына сағат 13:56-да келіп, сағат 14:31-де жүреді. Аталған екі пойыз да тек тақ күндері қатынайды. Сәрсенбі мен сенбі күндері жүретін Жезқазған – Алматы бағытындағы №373 пойыз сағат 9:30-да мысты өлкеден шығып, оңтүстік астанаға келесі күні сағат 13:12-де жетеді. Ал, №374 Алматы – Жезқазған пойызы сейсенбі мен жұма күндері Алматыдан сағат 21:50-де жүреді. Оның Жезқазғанға келу уақыты – 23:32 сағат. №609 Жезқазған – Қарағанды пойызы тақ күндері сағат 22:10-да жүреді. Қарағанды қаласына келу уақыты – 09:12 сағат. №610 Қарағанды –Жезқазған пойызы жұп күндері сағат 18:02-де жүреді. Оның келу уақыты – 05:39 сағат.

Тұрғындар пойыз қозғалысына қатысты сұрақтарына 105 нөміріндегі бірыңғай республикалық анықтама бюросынан нақты жауап ала алады. Жолдарыңыз болсын!

## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТІЛЕК

**Бақтай НҰРҒАЛИЕВ, еңбек ардагері**



Зеңгі баба түлігі – қазақтың ерекше жақсы көретін төрт түлігінің бірі. Оның еті мен сүті, терісі халқымыздың ырысы іспетті. Әлемде сиырдың 250-ге тарта түрі кездеседі екен. Ал біздің елімізде қырдың (даланың) қызыл сиыры, әулиеата, алатау, қарала, симменталь қолтұқымдары өсіріледі. Не десек те, «Сиыр – бір үйдің асыраушысы» деген сөз босқа айтылмаған ғой. Ендеше, биылғы жаңа жыл ізгілікке толы боларына сенемін.

Құрметті Жезқазған халқы, келе жатқан жыл қайырлы болғай. 2021 жыл отбасыларыңызға береке мен байлық, кәсіптеріңізге толағай табыс әкелсін. Жаңа жыл еліміздің еңсесін одан әрі тіктеп, алдағы істерін оңға бастырсын. Қорамыз малға, үйіміз жанға толсын. Қазақстаным жасай берсін!

# «ULY DALA» ҰТЫСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



***Жаңашылдық, сапалы өнім, қолжетімді баға, тұтынушы игіліне қызмет ету – мұның бәрі «ULY DALA» гипермаркетіне тән. Тәуелсіздік күнінде осынау сауда орталығы аймақ тұрғындарын ерекше қуанышқа кенелтіп мерекелік көңіл-күй сыйлады. 2018 жылы ашылған «ULY DALA» гипермаркеті былтыр Тәуелсіздіктің 28 жылдығы қарсаңында алғашқы ұтыс ойынын ұйымдастырған болатын. Осынау игі іс 2020 жылы да жалғасын тапты. Биылғы шараның жүлде қоры да ауқымды. Өткен жылы 25 мыңнан астам ұтыс купоны үлестіріліп, басты сыйлық «Lada Granta» автокөлігін Сәтбаев қаласының тұрғыны Саида Ложечка иеленген болатын.***



Бірер күнде есігімізден шыққалы отырған тышқан жылы еліміз үшін оңай болмағаны рас. Аты жаман індеттен сақтану үшін, карантин талаптарына бағынып, санитарлық шараларды қатаң ұстанған жөн. Осыған орай, биылғы ұтыс ойыны 16 желтоқсан күні онлайн форматта ұйымдастырылды. Ал жеңімпаздарды марапаттау рәсімі келесі күні гипермаркет базасында өтті. Жеңімпаздарға сыйлықтарды табыс етуге «Ютария» өндірістік-инновациялық компаниялар тобының бас директоры Сәуле Шәуенова, Қазақстанның халық әртісі Досжан Жанботаев, «Жезказганский вестник» және «Saryarqa» газеттерінің бас редакторлары Эльвира Алпанбаева мен Дархан Мұхан келді.

Ұтыс басында алдымен бес «Scarlet» фирмасының үтіктері ойнатылды. Одан әрі төсек жабдықтары, базарлық себеттері, «Scarlet» фирмасының миксерлері, ыдыс-аяқтарға кезек берілді. Ұтыс барысында «Samsung» фирмасының шаңсорғыштары мен «Samsung Galaxy Tab A8» планшеттері, «Beko» фирмасының тоңазытқышы және «Midea» мұздатқышы, «LG» кірмашинасы да өз иелерін тапты. Оған қоса, «HuaweiY6» смартфондарының иелері де анықталды.

«ULY DALA» гипермаркеті өздерінің тұрақты тұтынушыларына ақшалай сыйлықтырды да ойнатты. «Hansa» ыдыс жуатын машинасы мен «Panasonic» теледидары да ұтыс сыйлықтары арасынан табылып, иелерін қуантты. Сондай-ақ, қос тұтынушы «HP 15 DW0070UR» ноутбуктеріне ие болды.

Сауда орталығы ұсынған басты ұтыс сыйлықтары – 2020 жылғы «LADA LARGUS» автокөліктері. Аталған автокөліктердің жеңімпаздары Үміт Нығметова мен Галина Владиславовна атанды.

– «ULY DALA» гипермаркеті – аймақ экономикасына айтарлықтай мол табыс әкеліп отырған сауда орталықтарының бірі. Жезқазған мен Сәтбаевтың арасын қосып тұрған бұл жерде халық тұрмысына қажетті қолданыстағы барлық сапалы тауарларды арзан бағамен табуға болады. Оған қоса Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында «ULY DALA» гипермаркеті желісінің 20 минимаркеті ашылмақ. Бүгінде олардың жартысынан астамы тұтынушыларға қызмет көрсетуде. «ULY DALA» гипермаркеті – осындай халыққа пайдалы ұтыс ойынын ұйымдастырып отырған аймағымыздағы алғашқы сауда орталығы. Мен бүгінгі барша жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймын. Бізге сенім артқандарыңызға алғысымды білдіремін. Сіздер бізді шабыттандырасыздар. Бұндай ұтыс ойындары алдағы уақыттарда да жалғасын таба бермек, – деген Сәуле Шәуенова автокөлік кілтін иелеріне табыстады.

– Мен үнемі отбасымызға қажетті бір айлық азық-түлікті «ULY DALA» гипермаркетіне барып алып қоятынмын. Дегенмен, ұтыс купондары дегенге аса қатты мән бермеппін. Екі-ақ рет қана купон алғаным есімде. Аталған купондар ойнатылады деп жүргенде карантин шаралары күшейіп, бәрі кейінге шегерілді. Осы арада күйеуімнің жұмыс бабы бойынша Ақтауға қоныс аудардық. Тәуелсіздік күні қарсаңында «ULY DALA» гипермаркеті ұтыс ойынын ұйымдастырып жатқанын жақындарымнан естідім. Дей тұрғанмен, оған сене қоймадым. Ұтпайтыныма сенімді болдым. Тіпті ұтыс ойынының тікелей эфиріне де қатысқан жоқпын. Өзімнің жүлдегер атанғанымды гипермаркет қызметкерлері хабарласқанда ғана білдім. Әрине, қуанышымда шек болмады. Тосыннан келген жақсы жаңалыққа мәре-сәре болдық та қалдық. Ұтыс жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне атам мен әкем барды. Бүгінде көлік Жезқазған қаласында, туыстарымның үйінде тұр. Мен үшінші балаға аяғым ауыр болуына байланысты декреттік демалыстамын. Әзірге ұшаққа билет болмай жатыр. Қаңтар айында мысты шаһарға барып, автокөлікті алып қайтпақ ниетіміз бар, – деген Үміт Нығметова шараны ұйымдастырушыларға зор алғысын жаудырды.

– Негізі мен осындай ұтыс ойындарына жиі қатысамын. Әдетте майда-шүйда заттар жеңіп алып жүретінмін. Бүгінгідей ірі көлемдегі сыйлыққа бірінші рет қол жеткізіп отырмын. Мен бұл көлікті ұлыма беремін. Оның ендігі иесі – сол, – деген екінші жеңімпаз Галина Владиславовна да «ULY DALA» гипермаркеті ұжымына толағай табыс тіледі.

**Ай СҮГІР**

# 2021 КІМГЕ НЕ СЫЙЛАМАҚ?

***Қос жиырмадан құралған 2020 жыл елдің есінде көпке дейін сақталары сөзсіз. Қуанышы мен қайғысы да, кірісі мен шығысы да мол болған 2020 жылмен де біраз күннен кейін қош айтысамыз. Ал есігімізден енгелі отырған 2021 жыл қандай болмақ?***

Қазақ халқы Сиыр жылы «Сиырдың сүті – тілінде», «Сиырдың майы жанға рахат, Зығырдың майы тәнге рахат», «Сиырлы бай – сары май», «Сиырлының үйі – айран, сиырсыздың үйі – сырдаң», «Өлеңді жерде өгіз семіреді», «Сиыр сушы келеді» деп мақалдатып, оны төрт түліктің ішіндегі аш қалдырмайтын пайдалысына, несібелісіне балаған. Сиырдың шығу тарихын сумен байланыстыруы да тегін емес. Судан өткенде аузын суға малып өтетін сиыр судан жаратылған деген аңыз да бар. Дәлірек айтар болсақ, жерге түсіп, егін егу үшін қолмен жер жыртудан шаршаған Адам ата Тәңірден қуат сұрайды. Сонда Алла Тағала оған суға қолын салып, іліккен нәрсені тартып шығаруын бұйырады. Оның әмірін бұлжытпай орындаған Адам атаның қолына өгіз ілініп шығып, жерін жыртып, жұмысын жеңілдеткен екен-мыс.

Сиырға байланысты ырым-тыйымдар да жетерлік. Мысалы, сиыр үйге сүйкенсе – жаман ырым. Сиыр ыңыранса, үйір шақырады, сиыр басы өседі. Түнде мөңірегені де – жамандықтың белгісі. Олар жиналып өкірсе, малға індет келеді деп тұжырымдаған. Сиырды сойғанда үйір шақырады деп көк бауырын «аукаулап» үй төбесіне лақтырып тастаған. Сиырдың бүйрегін жемеген. «Сиырдың бүйрегіндей кандай ел, қырық құрау» деген нақыл сөз осыдан шықса керек-ті. Тазалыққа жаны құмар халқымыз сиырдың басын асарда тұмсығын «арам» деп шауып тастаған. Сиырдың, не өгіздің бас сүйегін қора маңына, егіс даласына іліп қояды. Бұл – жамандықтан қорғайды деген сенім.

Зеңгібаба жануары – табиғатынан маңғаз, салмақты жануар екені белгілі. Сол себепті жорамалдаушылар бұл жылдан айтарлықтай өзгеріс күтудің қажеті жоқ дейді. Өмір бірқалыпты сарыннан алшақтап кетпейді. Сиыр жануары – тынымсыз, адал еңбектің нышаны. 2021 жылы да ерінбей еңбек еткен жанның жұлдызы жарқырамақ. Аталған жыл әп-сәтте, оп-оңай баю дегенді аса құптамайды. Зерттеу нәтижелеріне сүйенер болсақ, келер жылы ауылшаруашылығымен, әсіресе, жерді күтіп-баптау, егін егу сынды жұмыстармен айналысу – мол табысқа бастайды.

Бұл жылы басты орынға отбасын қойғаныңыз дұрыс. Себебі сиыр жануары тыныштық пен жайлылықты қалайды. Жалпы жыл басын отбасыңыз, туған-туыс, жақын жора-жолдастарыңыздың қасында қарсы алуға тырысыңыз. Өз серігіңізге сенім артып, оның қалауына құлақ асыңыз. Қай істе болмасын оның ақылына құлақ түріңіз. Сиыр жылы отбасыңызды жаңа мүшемен толықтыруға асығыңыз. Өйткені, бұл жылы дүние есігін ашқан сәбилер ата-анаға айрықша қамқор, үлкенге кішіпейіл, кішіге ізетті болатын көрінеді. Дегенмен, мұндай балалар сәл тұйықтау болады. Оларды барынша жалғыз, қамқорсыз сезіндірмеуге тырысу керек.

Сиыр жылы – несібе, бақ-береке мен ырыс-ынтымақтың жылы. Соған орай бұл жылы сиыр жануарын бас-көзсіз сойып, жіліктеп ет комбинатына өткізе берудің қажеті жоқ. Бұл жылы жемістер мен көкөністерді көптеп тұтынуға тиіспіз. Болмай жатса, ас мәзіріне тауық етін қоссақ болады. Жаңа жылдық мерекелік дастарқанға да көп шашылмағаныңыз дұрыс. Қыстық, күздік салаттар құрамын үйреніңіз. Мұздатылған деликатестер мен экзотикалық тамақтарды даярлауға айтарлықтай құштар болмасаңыз жақсы болар еді. Сусындарға да табиғи соктар мен компоттарды қолданыңыз.

Бұрынғы мода қайта оралады. Сиыр жылы қызғылт, күлгін сынды көптен көге түспей кеткен тәтті түстерді ұнататын аруларға зор қуаныш сыйлайды. Себебі сәнге осы түстер оралады. Айтпақшы, иығында екі сызығы бар олимпийкалар есіңізде ме? Келер жылы осынау спорттық үлгідегі киім біраз образдарды толықтыратын болады. Сондай-ақ, 2021 жылы ұзын етекті киімдер айтарлықтай актуалды болмайды. Сиыр жылында желбіршекті топтар мен қысқа белдемшелер сәнге шығады.

Сиыр жылында табыс молықсын деп ырымдағыңыз келсе, үйіңізді металл, тас, ағаш бұйымдармен толықтырыңыз.

Сиыр жылы тышқан жылында дүние есігін ашқан жандар үшін табысты болмақ. Олардың карьералық өсуіне қолайлы жыл болайын деп тұр. Әріптестеріңіздің қызғанышына бас қатырмай, еңбектене беріңіз.

Биыл сиыр жылы туғандар үшін ерекше жыл. Олардың көбі өмірдің жаңа кезеңдеріне аяқ басады. Бастысы – өзгерістерден қорықпау қажет.

Ал барыс жылы туғандар биыл бар шаруаны ысыра тұрып, бірінші кезекте денсаулығына көңіл бөлгендері абзал. «Тәні саудың – жаны сау», «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген мақалдар сіздердің тараптарыңызға айтылып тұр, барыс жылғылар.

Қоян жылының тумалары да барыстардан қалмай, көптен алаңдатқан денсаулығын ретке келтіріп алғаны абзал. Бұл жыл сіздер үшін ерекше болады. Тәуекелге барудан қорықпаңыз.

Ұлу жылы туғандар – 2021 сіздердікі. Көптен армандаған ісіңізбен айналысыңыз, ғашық болыңыз, шаңырақ көтеріңіз, саяхатқа шығыңыз.

Сиыр жылы жорғалаушыларды аса қатты жақтырмайтындығына қарамастан жыландар үшін табысты болады. Өйткені жылан жылғыларға пысықтық тән. Олар алдына келген мүмкіндіктен айрылмау үшін бар ерік-жігерін сарп етуге әзір.

Сиыр жылы жылқыларды жақсы көреді. Бұл жылы тағдырдың сізге арнаған тосынсыйы мол. Тек оны күтіп жата бермей, әрекет етіңіз.

Қой жылғылар биыл бойларыңыздағы жалқаулықты жеңуге күш салғандарыңыз жөн. Жақындарыңызды қуантуға, көп тер төгуге дайын болыңыз.

Маймыл жылы туғандар бұл жылы бәлелі істерден бойыңызды аулақ ұстаңыз. Ешкімге тиіспей, өз жөніңізбен жүріңіз. Сонда ғана барлығы керемет болады.

Көптен өнермен айналысқысы келіп жүрген тауық жылғылар, биыл армандарыңызды орындауға тамаша мүмкіндіктер туады. Осы жолда жақындарыңыздың көмегінен де бас тартпағаныңыз абзал.

Сиыр жылында тыныш жүруі қажет жандардың бірі – ит жылғылар. Биыл көптен шұғылданғыңыз келіп жүрген ауыл шаруашылығана ден қойыңыз. Саяжай сатып алыңыз, болмаса табиғат аясында көп қыдырыңыз. Еңбек демалысыңызда теңізді аймаққа аттансаңыз, нұр үстіне нұр болар еді.

Доңыз жылғылар, биыл сіздерге оңайға түспесі анық. Иығыңызды тіктеңіз. Жасымай, ісіңізді аяқтауға тырысыңыз. Білім алуға, жаңа нәрселерді үйренуге күшіңізді салыңыз. Сонда ғана зеңгібаба сіздерге күліп қарап, батасын береді.

**Өз тілшіміз**